

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РГКП «РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ»**

**БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ
БАЛАЛАР КӨРКЕМӨНЕР МЕКТЕПТЕРІ МЕН ӨНЕР
МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ КӨРКЕМӨНЕР БӨЛІМДЕРІНІҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША
НҮСҚАУЛЫ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**ИНСТРУКТИВНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ОРГАНИЗАЦИИ МЕТОДИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
ДЕТСКИХ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ШКОЛ И
ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ОТДЕЛЕНИЙ
ШКОЛ ИСКУССТВ СИСТЕМЫ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ ДЕТЕЙ**

АСТАНА – 2014

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептеріндегі көркемөнер бөлімдерінің әдістемелік қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулы-әдістемелік ұсынымдар

«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК Астана қ., 2014жыл - 257 б.

Инструктивно-методические рекомендации по организации методической деятельности детских художественных школ и художественных отделений школ искусств системы дополнительного образования детей

РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» – г. Астана, 2014год - 257 с.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептеріндегі көркемөнер бөлімдерінің әдістемелік қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулы-әдістемелік ұсынымдарда құжаттар түрлері, берілген мектептердің қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар ұсынылған.

Балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептерінің басшыларына арналған.

В Инструктивно-методических рекомендациях по организации методической деятельности детских художественных школ и художественных отделений школ искусств системы дополнительного образования детей представлены формы документаций, методические рекомендации по организации деятельности данных школ

Предназначены руководителям детских художественных школ и школ искусств

*ҚР БжҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады
(2014 ж. 30.05. № 4 хаттама)*

*Рекомендовано к печати методическим советом РГКП
Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования МОН РК
(Протокол № 4 от 30.05.2014 г.)*

© Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК., 2014 ж.
©РГКП Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2014 г.

Мазмұны

Кіріспе	4
Балалар көркемөнер мектептері, балалар өнер мектептерінің қазіргі даму кезеңі	5
Балалар көркемөнер мектептері, Балалар өнер мектептеріндегі әдістемелік қызметтің құрылымы	22
Әдістемелік жұмыстың формалары	33
Педагогикалық кеңес әдістемелік жұмыстың формасы ретінде	65
Әдістемелік жұмыстың қазіргі формалары	68
Балалар көркемөнер мектептері мен Балалар өнер мектептеріндегі қызметті әдістемелікпен қамтамасыз ету	91
Қорытынды	109
Әдебиет	236
Қосымша	238

Содержание

Введение	114
Детские художественные школы, детские школы искусств на современном этапе развития	115
Структура методической службы в Детских художественных школах и Детских школах искусства	133
Формы методической работы	146
Педагогический совет как форма методической работы	185
Современные формы методической работы	191
Методическое обеспечение деятельности Детских художественных школ и Детских школ искусства	212
Заключение	230
Литература	236
Приложение	238

Кіріспе

Қазіргі уақытта балаларға қосымша білім беру жүйесінде көркемдік-эстетикалық тәрбие балалардың бос уақыттарын ұйымдастыруды қамту, әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуде, әртүрлі өнер салаларында білім алушылардың шығармашылық және кәсіби мүдделерін дамыту үшін жағдай жасауда.

Қосымша білім беру жүйесінде тұлғаны көркемдік-эстетикалық бағытта тәрбиелеу ауқымды іс, оның негізгі мақсаты өнер құралдары арқылы іске асырылады.

Қосымша білім беру жүйесіндегі көркемдік-эстетикалық бағыт оқу-тәрбие орталықтарының жүйесі ретінде жұмыс істей алады және істеу керек, әрқайсысы өз бағдарына сәйкес білімділік ортасын қалыптастырады. Білім берудегі орта – бұл тек арнайы пән бойынша бағдарламалар мен әдістемелік ұсынымдар емес екендігін, өзіндік микросоциум – білім алушылар мен педагогтердің қауымдастығы, біріккен қызметіндегі өнердің іске асырылатын дәстүрі мен мазмұны екенін түсіне білу керек.

Қазақстан Республикасы балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі көркемдік-эстетикалық тәрбие үрдісін іске асырудың мақсаты, міндеттері, мазмұны мен ұйымдастыруы нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі: Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы «Білім туралы» Заң, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығы Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары

Кеңес уақытында шығармашылық кадрларды дайындауда үшдеңгейлік моделі қалыптасқан (балалар өнер мектебі-орта кәсіби – бағдарға сәйкес жоғары кәсіби оқу орны), ол әлем кәсіби қауымдастығында танылған және бейнелеу, орындаушылық өнерінің негізі бола білген.

Балалар көркемөнер мектептері, балалар өнер мектептерінің қазіргі даму кезеңі

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 137 балалар көркемөнер мектебі, 31 балалар өнер мектебі жұмыс істейді. Қазіргі жағдайда балалар көркемөнер мектептері, 31 балалар өнер мектебі жүйесінің рөлін асыра бағалау жөн. Шағын қалаларда және ауылдық жерлерде балалар көркемөнер мектептері, балалар өнер мектептері іс жүзінде жалғыз мәдени тәрбиелеу факторы болып табылады. Үлкен қалаларда - балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептері өнер саласындағы дәстүрлі пәндер бойынша кәсібиалды дайындық орталықтары бола алады. Сөйтіп, балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептерінің қызметтері белсенді шығармашылық әлеуетімен, интеллектуалды шығармашыл орта құра алатын адамдарды дайындауды көздейді.

Балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептеріндегі өнер бөлімдерінің оқыту мақсаты білім алушылардың мәдени деңгейін, жан-жақты шығармашылық дамуын арттыру және өзін тұлға ретінде көрсету үшін қазіргі білімділік орта құру болып табылады.

Білім берудің міндеттері:

1. балалардың әртүрлі деңгейдегі дарындылығын дербестендірілген тіл табу арқылы жеке қабілеттерін ашу, білімділік бағдарламалардың зор таңдауының мүмкіншіліктері арқылы іске асыру;
2. өз қызметінде вариативтік-бағдарламалық тәсілдемені пайдалану, әртүрлілік бағдарлама пакетін бар екендігін болжайды, оқытушылардың, білім алушылардың, олардың ата-аналарының әртүрлі жас ерекшеліктерімен әлеуметтік топтары, мүдделерімен, қажеттіліктеріне бейімделу
3. қандай да бір өнер саласындағы дарынды балаларды анықтау және оларға жоғары және орта кәсіби білім берудің бағдарына сәйкес білімділік бағдарламаласын меңгеруге дайындау;
4. тұлға мен қоғамның этикалық мінез-құлқы ережесін мен моралін дамытуда өнердің адамгершілік әлеуетін іске асыру құрал ретінде қалыптастыру;
5. тұлғаның интеллектін, шығармашылыққа қабілеттілігін, эмоциялық қабылдауын, мәдениетті тануға, өнер шығармаларының бағалау өлшемі мен эстетикалық

талғамына талпынысын қалыптастыру, көркем шығармашылыққа құмар белсенділерді, өнер насихатшыларын өнердің көркем шығармашылығы және басқа түрлері арқылы тәрбиелеу.

6. білім алушыларды отандық және шетелдік құндылықтарына, халық шығармашылықтары өнегелеріне, классикалық және қазіргі өнерге, әртүрлі елдердің мәдени мен рухани құндылықтарын қабылдайтын және құрметтей алатын жеке қабілеттерінің дамуы мен тәрбиесіне қатыстыру;
7. балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, тез өзгеріп жатқан әлемде кәсіби қабілеттеріне сай өз орнын таба білетін, тез әрекет жасаушы шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу.
8. сапа мен сабақтастықты қамтамасыз еткен кәсіптікке дейін бағдарламаларды іске асыруда , өнер саласындағы білім беру жүйесін жұмыс істеуінде негізгі шарттары болып табылатын, шығармашылық мамандықтарының тартымды статусын көтеру.

Теориялық білімдерінің саласындағы оқу міндеттері:

- отандық және әлемдік өнерінің мұрасы, сәулет өнерінің жауһарлары, мүсін, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, әлемдердің атақты шеберлерінің шығармашылығы туралы білім алу;
- әсем өнерінің бейнелеу тілдері, түрлі түсті реңктер, болашағы, композицияны заңдары туралы білім алу;
- халықтық көркемөнер кәсібі оның пайда болуы мен дамуы туралы білім алу.

Көркемөнер қызметіндегі практикалық білімдері мен машықтануларының оқу міндеттері:

- балаларды бейнелеу сауаттылықтары негіздеріне оқыту (сурет салу, кескіндеме, композиция, сәндік-қолданбалы өнер);
- балаларға натурадан, есте сақтау қабілеті, қиялдау бойынша сурет салуды оқыту, соңын негізінде олардың көру есі, кеңістіктік елестер, шығармашылық қиялдауы дамиды;
- балалардың көру қабылдауы, түс сезімі, композициялық мәдениеті, кеңістіктік ойлауы, көркем бейнелерде

- шығармашыл міндеттерінің шешімдерін, көркем мен құрастырудың түпкі ойын көрсете алатынын дамыту;
- шығармашыл тұлғаның даму негізі ретінде көркем-бейнелі ойлауды қалыптастыру;
- балаларда эстетикалық қабылдауды, эстетикалық талғамды, пәндерге эмоциялық-сезімдікпен қарауды, шындықтың көрінісін дамыту;
- өнер мен мәдениет саласындағы білімділік бағдарламаларды меңгерудің және саналы таңдаудың негізін жасау.

Тәрбиелік міндеттері:

- тұлғаның жан-жақты дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасау, барлық қабілеттерін ашу, көркем шығармашылықтарының сабақтарына, ал өнер мен мәдениет саласындағы ең дарынды білім алушылар үшін келешек мамандықтарына таңдау жасауда дайындық іргетасын құру;
- балалардың бейнелеу өнерге мүдделері мен сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, эмоциялық-сезімдік қабылдауды кеңейту мен бейнелі ойлауды дамыту;
- білім алушылардың, білімділік бағдарламалардың міндетті ең аз мөлшерінің мазмұнынын меңгеру арқылы жеке басының жалпы мәдениетін, олардың қоғамдағы өмірге бейімделуін қалыптастыру;
- Отанға деген азаматшылықты, сүйіспеншілікті тәрбиелеу;
- балалардың шығармашылық кездесулері мен концерттеріне және конкурстарға қатысуы.

Балалар, педагогика қызметкерлері, білім алушылардың ата-аналары және басқа заңды өкілдер білімділік үрдісіне қатысушылары болып табылады. Білім алушылардың, ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің, қызметкерлердің міндеттері мен құқықтары білім беру саласындағы заңнамалық актілермен және Мектеп жарғысымен анықталады.

Мектеп әкімшілігі білім алушыларды қабылдаған кезде, балаларды, олардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерін білімділік үдерісті ұйымдастыратын реттемелеуші Жарғымен және басқа құжаттармен таныстырады.

Білім алушыларды хореография бірлестіктерге қабылдағанда баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындысы

болуы қажет. Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалармен мекенжайы бойынша жеке жұмыс жүргізіледі.

Білімділік үдерісі балалар көркемөнер мектептерінде және өнер мектептерінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрімен 2011 жылғы 29 желтоқсандағы №543 бұйрығымен бекітілген «Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту туралы» (2012 жылғы 6 ақпандағы №7409 мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде тіркелген) Үлгілік оқу жоспарымен және бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Балалар көркемөнер мектептеріндегі мен балалар өнер мектептеріндегі балаларға қосымша білім беруде білімділік бағдарламалары мен көркемдік бейін қызметтің «музыкалық», «театр», «хореографиялық», «бейнелеу», «халық шығармашылығы», «халық сәндік-қолданбалы», «көркем-эстетикалық» және т.б. бағыттары бойынша іске асырылады. Балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер мектептері балаларға қосымша білім берудің білімділік бағдарламасының қызметін бір немесе бірнеше бағыттары бойынша іске асыра алады.

Көркемөнер бөлімінде балаларды бейнелеу сауаттылығының дағдыларына оқытады, баланың эстетикалық қабылдауы мен көркемдік ойлауын дамытады, өнер тілін және әлем көркем мәдениетімен диалог құру қабілетін меңгереді.

Оқытудың бастапқы кезеңдерінде балалар көркемдік материалдармен жұмыс істеудің тәсілдерін меңгереді, олардың ерекшелігі мен бейнелеу мүмкіндіктерін, көркемөнер формасының эмоциялық-сезімдік әсерленушілігінен тәжірибе алады. Әр жаңа тапсырма бала қабілетінің ашылуына, өнер шеберлерінің жұмыстарына, өз жұмыстарының мазмұнына, бейнеленген жағдайларға қатысын мен күйзелісі баланы жаңалық ашуға жақындатады.

Оқытудың үшінші кезеңінде (11-16 жас) – кәсібиалды дайындық кезеңі. Жас суретшілер академиялық сурет салуды, кескіндемені, композицияны оқығанда, бейнелеу өнерінің жанрлары мен әртүрлі түрлерімен танысады, қабылдау процесін шығарманың авторымен, мәдениетімен, өз өзімен кең түрінде әңгімелесу ретінде меңгереді.

Міндетті пәндер:

Сурет салу пәні геометриялық денелердің, әртүрлі натюрморттардың, адам мен жануарлардың фигураларын, техника, табиғат дүниесіндегі нысандардың суреттерін салуда әртүрлі тапсырмалардың кең саласын көрсету болып табылады.

Кескіндеме пәні колористика негіздерін, кескіндеме техникасын оқытады, әртүрлі натюрморттардың, адам фигурасының суреттерін салу бойынша тапсырмаларды орындайды.

«Станокті композиция» пәні білім алушыларды композиция негіздерінің заңдарына оқытады, белгіленген тақырып бойынша есте сақтау қабілеті мен елестері бойынша сурет салады.

Сәндік-қолданбалы композиция пәні білім алушыларды табиғи формаларды стильдеуді, әртүрлі әшекейлерді орындауды, сәндік-қолданбалы өнердің әртүрлі түрлерімен (апликация, ағашты әшекейлеу, бау кесте) танысуды оқытады.

«Мүсін» пәні бойынша білім алушыларды көкөністер, жемістер, тұрмыс заттарын, адам мен жануарлардың фигураларын мүсіндеуді орындайды.

«Бейнелеу өнерінің тарихы» пәні білім алушыларды Ежелгі дүниенің, Орта ғасырдың, Өркендеу дәуірінің, 16-19 ғасырлардың өнерлері мен қазіргі кезең өнерлерін оқытады.

Пленэр пәні бойынша білім алушылар адам мен жануарлардың фигураларын, техника, табиғат дүниесіндегі нысандардың, қала пейзажын суреттерін салуда әртүрлі тапсырмаларды орындайды.

«Таңдау бойынша пән» білім алушылар мен ата-аналардың еркін таңдауы болып табылады, білім алушылардың жеке қабілеттерін қандай да бір көркемдік қызметтің түріне қолайлы жағдайларды туғызуға, сондай-ақ қандай да бір пәннің қиындықтарын жеңе білуіне мүмкіндік береді.

Балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептерінің көркемөнер бөлімдері Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігі ұсынған Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылған оқу бағдарламасы бойынша жұмыс істейді.

Үлгілік оқу бағдарламалары балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер мектептеріндегі ұсынылған тәрбие мен оқытудың әдістері мен формаларын, оқу пәндерінің тақырыптарын, деңгейлерін, сабақтардың түрлерін, білімділік салалардың мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

Оқу жоспарында жеке, топтық сабақтар, концертмейстрлік, репетициялық сағаттар, сондай-ақ білім алушылардың таңдауы бойынша пән сағаттары таңдауы ескеріледі. Аптасына оқу сағаттарының саны жоспар бойынша әр сыныпта орташа 4-тен 8,5 сағатқа дейін өзгереді, соның ішінде аудиторлық (топтықта аптасына 4 сағаттан аспайды). Бесжылдық пен жетіжылдық оқу жоспарлары бір бірінен ажыратылмайды. Білім алушылардың немесе ата-аналарының қажетілігіне сәйкес оқу мерзімі басқа оқу жоспарына ауысуы мүмкін.

Білім беру процесінің негізі сипаттамасы

Мектеп сабақтары Қазақстан Республикасының Білім Министрлігі мектеп жүйесіне белгілеген мерзімдерде басталып, аяқталады.

Оқу жылы мерзімдері жалпы білім беретін мектептер үшін белгілеген оқу тоқсандарына бөлінеді. Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы каникулдары жалпы білім беретін мектептер үшін белгілеген мерзімде өтеді. Оқу жылы 1 қыркүйектен басталып, 25 мамырда аяқталады.

Балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер мектептерінің жұмыс тәртібі ішкі тәртіптің ережелерімен белгіленеді. Мектептің сабақ кестесі жалпы білім беретін мектептеріндегі білім алушылардың сабақ кестелеріне байланысты және ол жыл ішінде өзгеруі мүмкін (жалпы білім беретін мектептеріндегі білім алушылардың негізгі оқу ауысымының өзгеруіне байланысты). Мектептегі білім алушылардың санын 1-ші немесе 2 ауысымға анықтау үшін, 1 қыркүйекте білім алушылардың негізгі келуі бойынша белгіленеді.

Сабақ кестесі балаларға қосымша білім беру ұйымының әкімшілігімен құрастырылып, білім алушыларға қолайлы тәртіп жасауды, жас ерекшеліктерін, ата-аналардың ұсыныстарын ескеріп «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту жөнінде № 1684 2011 жылғы 30 желтоқсаннан Қазақстан Республикасының қаулысына сәйкес бекітіледі.

Жеке және топтық сабақтардың кестесін мектеп оқытушылары жеке бланкте құрастырады, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары бекітеді, сонан соң жалпымектептік кесте құрастырылып, мектеп директоры бекітеді.

Білім алушылардың оқытуы мен тәрбиелеуі оқу жұмысының, сыныптан тыс және мектептен тыс шараларының барысында жүргізіледі.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы сабақ болып табылады. Сабақтың ұзақтығы – 40 минут (академиялық сағат). Сабақтан соң 10 мин үзіліс қарастырылған.

Білім алушылар мектептегі оқу материалын толықтай игеріп кетуі және оқу-тәрбиелік үдерісін қамтамасыз етуі оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес жұмыстың келесі негізгі түрлерімен белгіленеді:

- оқытушылармен топтық және жеке сабақтар;
- білім алушылардың өз бетімен істеген жұмысы (үй жұмысы);
- көрмелерге қатысу, сынақтағы, емтихандағы жауаптары,
- білім алушылардың білімдері келесі ұпаймен бағаланады: 5 (өте жақсы), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (нашар), 1 (өте нашар).

Оқытушылар тоқсандық пен қорытынды бағаларларды ағымдағы үлгерімнің нәтижесі бойынша білім алушылардың күнделіктеріне және жалпымектептік үлгерім журналына қояды. Емтихан өтетін сыныптарда (жетіжылдық оқу жоспары бойынша 5-7 сыныптарда), қорытынды бағаларды тоқсандық және емтихан бағаларын ескеріп, емтихан комиссиясымен қойылады.

Сынақтар, көшіру және бітіру емтихандары мектептің оқу жоспарларына сәйкес өткізіледі.

Бөлек жағдайларда мектеп директорының рұқсаты бойынша білім алушыларға мерзімнен бұрын көшіру және бітіру емтихандарын тапсыруға болады.

Білім алушылар оқу жоспары мен бағдарламаларын сырқат немесе басқа дәлелді себептер бойынша орындамаған жағдайларда, педагогикалық кеңестің шешімі негізінде мектеп директорының бұйрығымен оқудың екінші жылына қалулары мүмкін. Білім алушылар жүйелі түрде оқу жоспарын дәлелді себептерсіз орындамағанда және екі пән бойынша қанағаттанғысыз бағалары бар жағдайда мектептен шығарылады. Білім алушылардың үлгерімі нашар болған жағдайда, педагогикалық кеңестің шешімі негізінде оқу жылы аяқталғаннан кейін мектеп директорының бұйрығымен мектептен шығарылады. Білім алушылар сынақ және емтихан кездерінде науқастанғанда, сонымен қатар көшіру және бітіру емтихандарында қанағаттанғысыз баға алған жағдайда, екінші рет

сынақ немесе емтихан белгіленіп, қыркүйектің 20 дейін тапсыру керек.

Білім алушылар көшіру емтихан кезінде науқастанған жағдайда, жақсы жылдық үлгерімі бойынша, қорытынды бағалардың негізінде келесі сыныпқа көшірілуі мүмкін. Сыныптан сыныпқа шартты көшірулерге рұқсат етілмейді. Білім алушылар бір мектептен екінші мектепке ауысқанда, емтихандарсыз (бос орын барда) сол сыныпқа академиялық анықтама негізінде қабылданады.

Балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер мектептеріндегі қосымша білім берудегі білімділік оқу бағдарламаларын меңгеруі қорытынды мемлекеттік аттестаттаумен аяқталады. Білім алушылар оқудың толық курсы аяқтап, мемлекеттік бітіру емтихандарын тапсырып, белгіленген үлгідегі куәлік алады. Куәліктер мектеп бітірушілерге салтанатты кеште беріледі.

Білім алушыларға бітіру емтихан кезінде науқастанған жағдайда, үздік немесе жақсы жылдық үлгерімі бойынша, қорытынды бағалардың негізінде мектеп бітіру туралы куәліктер беріледі. Білім алушылар бітіру емтиханын тапсырмаған жағдайда, оқыған пәндер бойынша үлгерімі туралы анықтама беріледі. Білім алушыларды келесі сыныпқа көшіру және мектеп бітірушілерге куәліктерді тапсыру жөнінде педагогикалық кеңестің шешімі негізінде мектеп директорының бұйрығымен ресімделеді.

Кәсіби қабілеттілік танытқан білім алушыларға педагогикалық кеңестің шешімімен арнайы оқу орнына түсуіне ұсынымдар беріледі.

Мектепте педагогикалық және оқушылар ұжымының оқыту нәтижесін бақылау және бағалауды жүзеге асыру үшін, келесі оқу құжаттар қажет:

- білім алушылардың күнделігінде барлық пәндерден қысқаша тапсырмалар және ағымдағы, қорытынды бағалары (тоқсандық, жылдық) жазылған бақылау жұмыстарының нәтижесі, сабақ кестесі, сыныптан тыс шаралар кестесі
- білім алушылардың жеке жоспары, оның ішінде білім алушылардың жалпы және көркемдік даму деңгейі, оқылған материалдың анықтау сапасы (әрбір оқу материалдарының бағалары, сынақ және емтихан бағалары, шығармашылық көрмелерге қатысуы, комиссияның жағымды және қайшы пікірлері немесе

жеке жұмыстарын көрсету, білім алушылардың орындалған жұмыстарындағы қателіктері және оны түзету жолдары);

- күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар топтасқан пәндер бойынша бағдарламалық материалдарды тақырып бойынша бөледі, әрбір тақырыпқа бөлінген сағат саны, олардың орындалуының нақты мерзімін, бақылау шараларын көрсетеді;
- жеке және топтық сабақтардың журналы білім алушылардың сабаққа қатысуы мен дайындығын (күнделікті, тоқсандық, жылдық бағалар) көрсетеді, оқытушылардың оқу жоспары мен педагогикалық жүктемесі бойынша сағат санын орындалуын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ай сайын есептейді, ал тексеру қорытындысы еңбекақысын есептеу табеліне негізі болып табылады.
- білім алушылардың барлық сыныптарындағы пәндер бойынша үлгерімі жалпы мектептік үлгерім журналында тіркеледі.
- бөлім отырыстарының хаттамалары оқытушылардың барлық есептерін, әрбір пәндер бойынша үлгерімі және сабаққа қатысу нәтижесі және жалпы бөлім бойынша іс-шараларды орындалу сапасын, оқу әдістемелік және сыныптан тыс жұмыстардың жоспарлануын, оның орындалуын (ашық сабақтар, әдістемелік хабарламалар, өзара сабаққа қатысу жұмыстары, ата -аналармен жұмыс) белгілейді;
- арнайы аспаптар және музыка теориясы пәндер топтамасы бойынша көшіру және бітіру емтихандарының хаттамасы;
- І сыныпқа қабылдау емтихандарының хаттамалары бастапқы (жасы, мекенжайы, өнер қабілеті, жеке аспабының бар-жоғы) деректерді белгілейді;
- мектептің байқауларға, фестивальдарға, әдістемелік шараларды ұйымдастыруға қатысу жөніндегі мониторингі.
- Жоғарыда көрсетілген құжаттарды зерттеу негізінде әрбір оқытушының, бөлімнің, барлық педагогикалық ұжымның еңбегі бағаланады, оның нәтижесі бөлім

отырыстарында, тоқсан аяқталғаннан кейін педагогикалық кеңесте қарастырылады.

Әрбір оқу жылының соңында мектеп жұмысының қорытындысы мектеп қызметіндегі көрсеткіштерде белгіленеді және білім басқармасына тапсырылады.

Балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер мектептерінің материалдық –техникалық базасын жер телемдері, ғимараттар, жабдықтар, көлік және өзге құралдар құрайды. Әрбір балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер мектептерінде болуға тиіс: ғимараттар, кабинеттер, шеберханалар, әдейі жиһазбен жабдықталған білімділік үдерісін ұйымдастыру үшін қажет алаңдар. Концерт залы заманауи дыбыс аспаптармен, концерттік рояльмен жабдықталуы тиіс. Мектепте қажетті кітапхана қоры, техникалық құрал жабдықтары, музыка аспаптары жеткілікті мөлшерде болуы тиіс.

Мектепте жасақталған штат штаттық кестеге сәйкес болу керек.

Балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер мектептерінің даму болашағы.

Мектептің оқу- тәрбие үдерісін жетілдіруі үшін:

- мектептің материалдық - техникалық базасын нығайту қажет,
- мектеп қызметіндегі (оқу - тәрбиелік, концерттік - көрмелік, әкімшілік - шаруашылық) барлық бағыттары бойынша жаңалық бастамаларды енгізу;
- білімділік үдерісін педагогикалық әдістер мен технологияларды меңгеру арқылы тиімділігін арттыру, сандық және компьютерлік техниканы оқу үдерісіне енгізу;
- білім алушылар мен педагогтердің уәждемелік-психологиялық табыс ахуалын шығармашылық ұжымда қолдау;
- педагогтерге көмек көрсету үшін біліктілікті арттыру курсы арқылы көпдеңгейлік оқыту технологиясын меңгерту, пән әдістемелік бірлестіктері мен оқу семинарларын ұйымдастыру.
- мектеп кітапханалық қорын жаңарту және толықтыру, жаңа әдістемелік оқу құралдары мен материалдарын сатып алу.

Балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер мектептері қызметінің негізгі бағыттары:

1. Кәсібиалды және жалпы дамытатын бағдарламаларды жүзеге асыру үшін, шығармашылық қызметке балаларды молынан тарту қажет.
2. Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін, білім мен дағды жиынтықтарын шындай отыра, болашақта арнайы орта кәсіби немесе жоғары оқу орындарына түсу үшін дамыту қажет. Ол үшін кәсіби білім беру бағдарламасын өнер саласында шоғырлануын қамту .
3. Дарынды балаларды іздеп табу үшін жалпы білім беретін мектептер мен мәдени-ошақтар клубтары мен ұйымдарымен тығыз байланыс жасау. Осы мекемелермен біріге отыра өнер саласында ізденімпаздық қасиеттерін дамытып, өзге де мәдени-ағартушылық ізденіспен шұғылдануына ықпал жасау.
4. Арнайы орта кәсіби және жоғары кәсіби білім беру ұйымдарымен біріге отырып, дарынды балалардың кәсіби шеберліктерін ұштап, олардың қабілетті маман иесі болып, кадрлік қорларын толықтыруға ықпал жасау, білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін ақыл-кенес алу, озық білім беру технологиясын пайдалану, педагогикалық мамандардың білімін жүйелі түрде жетілдіру.
5. Жалпы орта білім беретін мектептердегі кадрлік әлуетті арттыру мақсатында балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептерінің өзара байланысының нәтижесінде материалдық-техникалық қорларын игере отырып, балалардың шығармашылық ұжымдарын ұйымдастыру.
6. Балаларға қосымша білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің шығармашылық бағытын дамыту бағдарламасын әдістемелік құралмен қамту.
7. Жүйе қызметінің географиясын кеңейту – мәдени - ағарту қызметін ұйымдастыру, қоғам өмірінің басқа салаларына шығармашылық тәрбие (мысалы, коррекциялық орталықтарында шығармашылық сабақтарды дамыту) әдістері мен формаларының интеграциясы.
8. Тұрғындар арасында көркемдік-эстетикалық білімді уағыздау, танымал ету.

Балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептеріндегі әдістеме жұмыстары педагогтердің кәсіби біліктілігін жетілдіруге

бағытталған, білім беру қызметінің сапасын арттыру үшін, білім беруді жаңғырту жағдайын дамыту.

Әдістемелік жұмыс бұл педагогикалық кадрлардың бірыңғай үздіксіз білім беру жүйесіндегі негізгі бөлігі.

Әдістемелік жұмыс – бұл оқытушылардың кәсіби шеберлігін ұштау кезеңінде ғылыми-теориялық және әдістемелік дайындықтарын ұштаудағы жеке және тұрақты қызметі. Әдістемелік жұмыс жаңарту жағдайында жаңашыл бағытты қалыптастыруды ұйымдастыру негізі. Әдістемелік жұмыс – сабақты жекелеп өткізу, саралап жіктеу ұстанымдары жағдайында оқытушылардың ғылыми-әдістемелік дайындығын жетілдірудегі сұранысын қанағаттандырады. Мектептегі әдістемелік жұмысты тиімді басқару үшін педагогтер оның мазмұны мен міндетін айқын түсіну керек.

Әдістемелік жұмыс – әрбір педагогтің кәсіби шеберлігі мен біліктілігін жан-жақты көтеруге негізделген іс-әрекеттің, шаралардың өзара байланысты жүйесі. Ол педагогикалық ұжымдардың іскерлік әлеуетін артыруға және дамытуға бағытталады.

Оның негізі – озық педагогикалық ғылымның жетістіктері. Қосымша білім беру педагогтері, әдіскерлері, басшыларының іс-әрекеті әдістемемен қамтамасыз етуге байланысты.

Әдістеме жұмысының мақсаты – педагогикалық ұжыммен жеке педагогтердің педагогикалық шеберлігінің өсу деңгейі.

Мектеп басшылығы мен оқытушылардың педагогикалық санаты мен теориялық деңгейінің өсуіне, педагогикалық озық тәжірибені еңгізуге, талдап қорытуға, тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда педагогтерге көрсетілген айқын көмек.

Әдістемелік жұмыстың міндеттері:

Топтар

Міндеттің 1 тобы – жеке дара, шығармашылық, авторлық, жоғары нәтижелік жүйелі педагогикалық іс-әрекетті қалыптастыру

Міндеттер

- педагогтер білімін байыту
- сенімін, құндылық бейімділігін, көзқарасын дамыту
- шығармашылық қызметтегі сарыны шыңдау (дамыту)
- жеке тұлғаның тұрақты адамгершілік қасиетін дамыту

- педагогикалық ойлаудың заманауи стилін дамыту
- педагогикалық техниканы дамыту
- ерік-әсерін өзі реттей білуін дамыту

Міндеттің 2 тобы – педагогикалық ұжымға байланысты міндеттер

- педагогикалық ұжым-пікірлес ұжым мүшелерінің топтасуы
- бірыңғай құндылықтар, жалпы айқындама, дәстүрлерді қалыптастыру
- білім алушылардың нақтылы оқу мүмкіндігінің диагностикасын ұйымдастыру
- оқушылардың білім, білік-дағдылары, тәрбиесі дамуының сапасын бақылау және зерттеу
- мектепарасындағы педагогикалық тәжірибені анықтау, қорыту және тарату
- топтық шығармашылықта жағдай жасаумен қатар педагогикалық ұжым мүшелерінің ынтасын көтеру;

Міндеттің 3 тобы – мектеп пен қалың бұқаралық жүйенің келістіру үйлесін қамтамасыз ету

- ұжымды ғылыми-зерттеу, тәжірибе сараптау жұмысымен өз мектебінде белгілі бағыттағы тәжірибе жасауға қатыстыру
- қоғамдық тапсырыстың шығармашылық маңызын түсіну, жаңа нормативті актілер мен құжаттардың мәнін әр педагогке айқындау;

- озат педагогикалық тәжірибенің жетістіктерін педагогикалық іске енгізу;
- психологиялық-педагогикалық ғылым мен өзге ғылыми пәндердің жетістіктерін педагогикалық іске енгізу
- осы ұжым ашқан ең озық тәжірибені мектептен тыс жерлерге тарату

Әдістемелік білімді қалыптастыру және жүйелеу мақсатында педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, бөлім отырыстары (бағыттар бойынша) семинарларға қатысу, шеберлік сыныптар ұйымдастырылады.

Әдістемелік білімді тарату және жинақтап қорыту мақсатында ашық сабақтар, мәлімдемелер, баяндамалар, рефераттар, әдістемелік талдамалар, оқытушылардың сабақтарына өзара қатынасу, әдістемелік ұсыныстар өткізіледі.

Әдістемелік жұмыстың мазмұны мектеп тәжірибесінің қажеттілігіне байланысты жаңартылып отырады. Балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер мектертеріндегі әдістемелік жұмыстар төмендегі көрсетілген нысандармен, шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- оқу үрдісін жоспарлау (бақылау жұмыстарының мерзімін анықтау, үлгерім бағасының әдістері мен нысанын анықтау, педагог жұмысының топтық немесе жеке дара оқытуын жоспарлау, білім алушылардың жеке қабілетінің дамуын ескере отырып, білім беру бағдарламасын таңдау, олармен жұмыс істеудің әдістерін тандап, оқу репертуарлары мен жалпы білімдік бағдарламаны игеруін қадағалау);
- оқытушылардың емтихан комиссиясындағы жұмыстары және оған қатысу (бұл оқытушының әдістемелік жұмысының ең айрықша түрі, себебі осы кезеңде оқытудың саралау, білім алушының үлгерім сапасын саралаудың өзара бақылауы, өз жұмысының және көрмелердегі туындыларын қорытындысы);

- теориялық жұмыс – оқытушылардың әдістемелік мағлұматын дайындауы, педагогика мен әдістемелік баяндамалар мен рефераттар жазу;
- оқытушылардың өзара тәжірибе алмасу үшін, өзара талдау мақсатында ашық сабақтар өткізуі;
- жаңа нота әдебиетінің топтамасына шолу жасау, жаңа оқу репертуарын орындау, оны жұмыста пайдалану әдістері;
- жүзеге асыру практикасы – оқытушы класының шығармашылық есебін өткізу, оқытушының мектеп іс-шараларына жеке қатынасуы, әдістемелік жұмыс конкурсына қатысуы және орындау шеберлігі конкурсына қатысуы

Әрбір оқу жылының басында Мектептің әдістемелік іс-қызметтері жоспарланады:

Жоспарлау дегеніміз жұмысты жүйелі түрде реттеу, алдын-ала ойластыру.

Жұмыстың негізгі (басымдылығы) артықшылығы:

- белгісіздікті жою;
- іс-әрекетті барынша ұсыну;
- мақсатты дәл анықтай білу, оның жүзеге асырудағы іс-әрекеттер;
- болашақ іс-әрекеттерде қателікті болдырмау;
- алдын-ала ескере отырып, болашақ жағдай туындайтын іс-әрекеттерді болжай білу;

Іс-әрекеттер жүйесіне қолайлы жағдай туғызуға бағытталған әдістемелік жұмыстардың жоспарлаудың негізгі мақсаттары:

- педагогтердің өз шеберліктері мен кәсіби дәрежесін (деңгейін) арттырулары;
- педагогтердің (кәсіби деңгейін) кәсіби ағартушылық үздіксіз, қосымша дамытушы жүйені басқаруы;
- озық педагогикалық тәжірибені игеру және “жинақтау” (өсіру);
- заманауи білім беруші технологияны игеру;
- білім беру сапасын жақсарту және педагогикалық процестің тиімділігін арттыру;
- педагогикалық ұжымның дамуына педагогтердің жеке кәсіби дамуы, реттеуші факторлары мен қолайлы психологиялық ахуалды қамтамасыз ету.

Жоспарлау процесі төмендегі кезеңнен тұрады:

I-кезең - өткен кезеңдегі әдістемелік қызметтерде туындаған келеңсіз мәселелерді ескере отырып талдау, келеңсіз жағдайдың себептерін табу, қайта жаңарту бағыттарын анықтау.

II-кезең - мақсат пен міндеттер қою.

Мақсаты: белгілі мерзімде орындалатын іс нәтижелерін белгілеу. Тапсырма айқын орындалатын мақсат қоя білу – соның нәтижесінде іс-әрекеттің әртүрлі бағыттарынан нақты қорытынды шығады.

III-кезең - жоспар бөліміндегі іс-әрекеттің әртүрлі бағыттарын анықтап, оны ұжымдық талқыға салу.

IV-кезең - жоспардың жобасын талқылап, оның орындалу мерзімі мен жауаптыларды белгілеу.

V-кезең - жоспарды педагогикалық кеңесте бекіту.

Әдістемелік жұмысты (шараларды) жетілдірудің негізгі бір жолы жоспарлауды мақсатты-бағдарлама жасау, онда бұрын орындалған олқылықтарды нақтылап, кадрлардың санатын көтеру міндеті, оқу жүйесін өткізу формасы мен әдістемелік қызметтің барлық құрамды бөліктерінің әрекеттерін біріктіру.

Қосымша білім беру педагогі (БКМ,БӨМ) білім беру процесінде айқын орын алады – оны біліктілік санаты, жеке тұлғалық қасиеті және кәсіби шеберлігі көптеген кемшіліктерді жоя алады.

Көпшілік жағдайда педагогтердің кәсіби құзырсыздық (жете білмейтіндік) мәселесін дұрыс ескермеу нәтижесі білім беру бөлімдерінің ісінің жетілуіне өз нұқсанын келтіреді. Сондықтан, Мектеп әдістемелік қызметінің мақсаты өз ішкі мүмкіндігін (әлеуетін) толығынан пайдалана білуі.

Білім беру жүйесіндегі осы мақсатты ойдағыдай шешу мүмкіндігі қосымша білім беру бөлімдерінің әдістемелік қызметінің құзырында. Себебі, тек солар ғана бір топтың өнер саласындағы ізденімпаз ұстаздардың тәжірибесін тану барысында олардың сабақтарына қатысып, бөлім отырыстарындағы әдістемелік баяндамаларын талдау, өз беттік жұмыстарын ұйымдастырушыларына көмек көрсетсе, ал екінші топ үшін шығармашылық кештер, талдаулар, шығармашыл ұстаздардың тәжірибесін игеру ісін қалалық әдістемелік секцияда қорыту, өз тәжірибесін тарату, конференцияларға, білім беру қызметтері мәселесі туралы семинарларға қатысып, шығармашылық есептер беру.

Сонымен, педагогтерге әдістемелік көмек төмендегі үлгіде жүзеге асырылады:

- Ақпараттық-әдістемелік(әдістемелік баяндамалар, жаңа әдістемелік әдебиеттер бойынша баяндамалар, облыстық және қалалық оқу-әдістемелік бірлестіктерінің жұмыстарына қатысу);
- әдістемелік -консультация (өз алдына машықтану, көшпелі дәріс беру, шебер –сыныптар, біліктілікті арттыру курстары, әдістемелік семинарлар).

Балалар көркемөнер мектептері, Балалар өнер мектептерінің көркемдік бөлімшелеріндегі әдістемелік қызметтің құрылымы

Бүгінгі таңда көп мектептер алдында жаңару қажеттілігі туындап отыр, сонымен қатар жеке меншік әдістемелік қызметтің де қайта құрылуы аз емес. Балаларға қосымша білім беру жүйесі оқу үрдісін бағдарламалаусыз, жаңашыл ойларды ғылыми-әдістемелік түсінуші, білім беру мазмұнының жаңа ізденістерінсіз, педагогикалық кадрлармен жұмыс жүйесін жаңарту мен олардың жаңашыл ізденістерін белсендіруші және педагогикалық шеберліктерін жетілдіру жүйесіз дамымайды.

Қосымша білім беру заманауи талаптарға сай жаңа деңгейге көшуде, әдістемелік жұмысты белсендіруде, демалыс және оқу әрекеттерін ұйымдастыруда, жаңа концепциялар, вариативтікті, балалармен жұмыстағы деңгейлікті, ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануды қажет етеді.

Әдістемелік жұмыс жоспарының құрылымы үлгілік сипаттар және келесі бөлімдерден тұруы ықтимал:

мектеп проблемасы;

мектептің әдістемелік тақырыбы, ұжымның мақсаты мен міндеттері бойынша жұмыс;

әдістемелік кеңестің қызметі;

пәндік кафедралар мен әдістемелік бірлестіктердің жұмысы.

шығармашылық топтардың жұмысы;

мұғалімдердің өзбетімен білім алуы;

мұғалімдердің біліктілігін жоғарлату;

пән онкүндіктерін, әдістемелік семинарларды, практикумдарды, педагогикалық кеңестерді жүргізу;

мұғалімдерді аттестаттау.

Озық педагогикалық тәжірибені қалыптастыру және қолдану.

Әдістемелік жұмыстың келесі құрылымы да болуы мүмкін: педагогикалық кеңес, теориялық семинарлар мен семинар-практикумдар, педагогикалық оқулар немесе ғылыми-практикалық конференциялар, озық тәжірибе мектептері. Жұмыс түрі ұжымдық және жеке болады.

Ұжымдық түрлері: мектепшілік және өңірлік әдістемелік бірлестіктер, мектептің бірыңғай әдістемелік тақырыбы бойынша жұмыс, теориялық семинарлар мен семинар-практикумдар, ғылыми-практикалық конференциялар, әдістемелік апталықтар, педагогикалық шеберлік байқаулары, біліктілікті жоғарлату

курстары, шығармашылық топтар, әдістемелік кабинеттер, ашық іс-шаралар (көрмелер, тұсау кесерлер), шебер-сыныптар және т.б.

Қоғамдық қозғалыстағы мекемелердің жүйелі жұмыс жасайтын бір пәндік бағыттағы педагогикалық кадрларының әдістемелік бірлестіктігін (бұдан әрі – ӘБ) өңірлік деңгейде құру және бекіту заманауи талап ғана емес, сонымен қатар өнер педагогіна қойылатын барлық талаптардың жоғарлауы.

Педагогтердің өңірлік әдістемелік бірлестігінің үлгілік ережесі
Жалпы ережелер:

1. Әдістемелік бірлестік өңірлік білім беру ұйымының әдістемелік қызметтің негізгі құрылымдық бөлігі болып табылады. ӘБ оқу-тәрбие, әдістемелік, тәжірибелік және бір пән бойынша сыныптан тыс жұмыс, шығармашылық өнер (бейнелеу өнері, қолданбалы шеберлік бойынша қосымша білім беру мұғалімдері), хореографиялық өнер (хореография және биден қосымша білім беру мұғалімі), театр өнері (театр бойынша қосымша білім беру мұғалімі), орындау өнері (фортепиано, гитара, баян басқа да инструменттер, концертмейстерлер мамандықтары бойынша қосымша білім беру педагогтері) жұмыстарын іске асырады.
2. Әдістемелік бірлестіктер бір немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша құрамында кемінде 3 мұғалім болған жағдайда құрылады. ӘБ құрамында шектес және қамтамасыз етуші пәндер педагогтері бола алады.
3. Әдістемелік бірлестіктердің саны мен оның құрамындағы қатысушылардың саны білім беру жүйесінің және өнер педагогтерінің алдына қойған кешенді міндеттерді шешуге қажеттілігінен анықталады.
4. Әдістемелік бірлестіктерді құру, өзгерту, жою жұмысы өңірлік білім беру мекемесінің әдістемелік орталығы (бөлім, кабинет) бастығының ұсынысымен өңірлік білім беру мекемесінің бастығымен (директор, меңгеруші, әдіскер) шешіледі.
5. Әдістемелік бірлестіктер тікелей өңірлік білім беру мекемесінің әдістемелік орталығы (бөлімнің, кабинеттің) бастығына (әдіскерге, меңгерушіге, директорға) бағынады.
6. Әдістемелік бірлестік қызметі жұмыс барысында «ҚР балалар құқығының конвенциясын» Қазақстан Республикасы Конституциясын, ҚР Үкіметі, білім

алушыларды оқыту және тәрбиелеу сұрақтары бойынша барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінің шешімдерін, сонымен бірге әдістемелік қызметтің Жарғысы мен жергілікті және құқықтық актілерді, осы қызметтің директорының бұйрықтарын басшылыққа алады.

7. Әдістемелік бірлестіктің ішкі тәртіп сұрақтары бойынша өңірлік әдістемелік қызметтің Жарғысына, ішкі еңбек тәртібі ережесіне, еңбек шарттарына т.б. негізделеді.

2. Өңірлік әдістемелік бірлестік қызметінің міндеттері мен мазмұны. Өңірлік әдістемелік қызметтің құрылымдық бөлімшесі ретінде көркемдік-эстетикалық бағыт бойынша әдістемелік бірлестік келесі белгіленген міндеттерді шешу үшін құрылады:

көркем мектептер мен өнер мектептерінің көркем-эстетикалық бейімі педагогтерінің біліктілігін жоғарлатуын ұйымдастыру;

көркем-эстетикалық білім беру сұрақтары бойынша нормативтік және әдістемелік құжаттарды оқу, зерттеу;

мемлекеттік талаптарды жүзеге асыру үшін және вариативтігін есепке ала отырып пән бойынша оқу бағдарламаларын құру және мазмұнына талдау;

әр түрлі сабақтарды өткізу әдістемесі мен оқу-әдістемелік пән материалды-техникалық қамтылуын жетілдіру;

орындаушылық шеберлігін дамытатын шығармашылық мектептерді, жаңа білім беру бағдарламаларды, жаңа әдістемелерді, технологиялардың авторын, орындаушыны шақырып, зерттеу;

педагогикалық экспериментті өткізу;

пән бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын, жеке бас жұмыс жоспарын бекіту;

авторлық бағдарламаларды, әдістемелерді талдау, бекіту;

қала, аудан деңгейінде білім беру ұйымдарының ішкі бақылау қорытындысы бойынша көркемдік-эстетикалық цикл пәндерін оқыту жағдайының талдауымен танысу;

белгіленген тақырып бойынша өзара сабаққа қатысу, соңынан өз-өзіне талдау мен жеткен жетістігіне талдау жасау;

пән бойынша күрделі тақырыппен үздік мұғалімдердің ашық сабақтарын ұйымдастыру;

аудандық, қалалық, облыстық деңгейде таратуға ұсыныс жасау мақсатында үздік (жаңашыл) озық педагогикалық тәжірибені зерттеу;

бір немесе бірнеше туыстық пәндер бойынша жоғары кәсіби деңгейде оқу-тәрбие, әдістемелік, тәжірибе-эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін облыстық, қалалық, аудандық озық тәжірибелерді зерттеу;

көркемдік-эстетикалық пәндер бойынша бағдарламаларды меңгеру нәтижесінің бағасына бірыңғай талаптар әзірлеу;

білім алушылардың аралық және қорытынды аттестациялау (тақырыптық, семестрлік, сынақтық т.б.) жүйесін дайындау, өңірлік деңгейде қабылданған түрлерін бекітуді ұсыну;

пән бойынша оқыту әдістемесін талдау;

біліктілігін жоғарлату курстарындағы жұмыс бойынша мұғалімдердің өз бетімен кәсіби білім алуы туралы есептері;

пән апталықтарын, пән олимпиадаларының бірінші кезеңін, педагогтер мен білім алушыларға (тәрбиеленушілерге) арналған фестивальдарды ұйымдастыру және өткізу;

көркем мектептер мен өнер мектептерінің білім алушыларының зерттеу жұмыстарына бақылау, жетекшілік жасау және ұйымдастыру сұрақтарын қарастыру;

педагогтердің әдістемелік жинағын, білім алушыларға арналған тапсырмалар қорын жетілдіру, өңірлік деңгейде қарастыру және бекіту.

3. Өңірлік әдістемелік бірлестіктің негізгі жұмыс түрлері:

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді музыкалық тәрбие беру мен оқыту (бейнелеу өнері, хореографиялық, театр т.б.) әдістемесі бойынша әдістемелік бірлестік отырысы;

эстетикалық пәндер педагогтерінің шығармашылық есептері, оқу-әдістемелік сұрақтар бойынша өткізген дөңгелек үстел, мәжілістер, семинарлар;

көркемдік-эстетикалық цикл бойынша ашық сабақтар, сабақтар, сыныптан тыс шаралар;

қосымша білім беру педагогикасы мен психология (жас ерекшелік, шығармашылық психологиясы), жалпы педагогика сұрақтары, тәрбиелеу және оқыту әдістемесі бойынша дәрістер, баяндамалар, пікір таластар;

пәндік және әдістемелік апталықтар өткізу;

негізгі жалпы және қосымша білім берудің сабақтастығы негізінде өзара сабаққа қатысу;

шебер - сыныптар, машықтану;

ұйымдастыру-әрекеттік ойындар (миға шабуыл, іскерлік ойындар);

ғылыми-тәжірибелік конференциялар т.б.

4. Өңірлік әдістемелік бірлестіктің жұмыс тәртібі.

1. Әдістемелік бірлестіктің жұмысын өзін-өзі басқару формасының қоғамдық принциптерге сәйкес әдістемелік бірлестік мүшелерінің ашық дауыс беру арқылы және әдістемелік орталықтың (бөлім, кабинет) ұсынысымен өңірлік білім беру мекемесінің бастығының (меңгеруші, әдіскер) бекітуімен тәжірибесі мол педагогтер ішінен төраға сайланады.
2. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы ағымдағы оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Жұмыс жоспары әдістемелік бірлестік төрағасымен (жетекші) оқу жылы басталмас бұрын құрылады, әдістемелік бірлестік отырысында қаралады, өңірлік білім беру мекемесінің әдістемелік орталығының директорымен (меңгерушімен, бастықпен) келісіліп, өңірлік білім беру мекемесінің бастығымен бекітіледі. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын әдістемелік қызметпен келісілгеннен кейін жылына екі рет түзетуге болады.
3. Әдістемелік бірлестік отырыс тақырыптарын бірлестіктің қатысушыларының көпшілігінің білімдік қажеттіліктеріне сәйкес таңдалады. Әдістемелік бірлестіктің әр мүшесі баяндамамен шығуға, өз тәжірибесін таратуға құқылы. Әдістемелік бірлестік үздік педагогтерді өңір деңгейіне шығуға немесе оларды мадақтауға өтініш жасауға құқығы бар.
4. Аудандық білім беру мекемелерінің құжаттарындағы талаптарға сай аудандық әдістемелік ұйым төрағаға (жетекшіге) координациялық –ұйымдастыруына қаржылай ақы қарастырулары мүмкін.
5. Әдістемелік ұйымның отырысы бір тоқсанда бір реттен кем өткізілмеуі керек. Отырыс білім берудегі өзекті сұрақтардың қарқындылығымен өткізілуі мүмкін. Аудандық әдістемелік ұйымның төрағасы (жетекші) отырыстың өткізілу уақытын және өткізілетін орнын білім беру ұйымдарының директорларын (директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша меңгерушілерін) жазбаша түрінде (хатпен, электронды почтамен, факспен) міндетті түрде хабар етуі керек. Әдістемелік ұйымның әр мүшесі туралы мәлімет жүйеге енгізіліп, және мәліметтер

аудандық әдістемелік ұйымға жіберіледі. Отырыста қарастырылған әр бір сұрақтарға әдістемелік ұйымның төрағасы (жетекшісі) қабылдайтын нұсқаулар журналдағы хаттамаға енгізіледі.

6. Сұрақтарды қарастыруда тақырыпты толғандыратын немесе басқа әдістемелік ұйымдардың қызығушылықтарын тудыратын, қоғамдық және әлеуметтік маңызы бар сұрақтар болса отырысқа басқа да әдістемелік ұйымдардың (мұғалімдерін, педагогтерін) білім беру ұйымдарының басқарма жетекшілерін шақыруға рұқсат беріледі.
7. Әдістемелік ұйымның іс әрекетіне бақылау жүргізуді директор (меңгеруші, бастық, әдіскер) жүзеге асырады, «әдістемелік орталыққа (бөлімге, кабинетке) аудандық білім беру ұйымының әдістемелік жұмыс жоспарына және ішкі бақылауға сәйкес аудандық білім беру ұйымының басқармасының бекітуімен (меңгеруші, әдіскер) жүргізіледі.

Мектептің әдістемелік бірлестігі туралы үлгілік ереже

Мектепшілік әдістемелік жұмысты директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары басқарады, ал әдістемелік ұйымның жетекшілеріне мықты педагогикалық істің шеберлерін, ұжымның ортасында беделге ие педагогтерді тағайындайды.

Әдістемелік ұйым оқудағы және тәрбиедегі өзекті сұрақтары бар баяндамаларды, жаңа кәсіби әдебиеттерді, сабаққа қатысуды ұйымдастыруды, ашық сабақтарды өткізу және талқылауды, көрнекіліктер дайындауды, оқуда техникалық құралдарды қолдануды тыңдап талқылайды. Олардың құзыреттілігінде - жас мұғалімдерге кеңес беруді, мұғалімдердің өзіндік білім берудегі жекелей жоспарларының орындалу есебін тыңдауды ұйымдастыру. Әдістемелік бірлестік педагогтердің қызметтерін белсендіруі керек. Озық педагогикалық тәжірибені бағалау критерийін анықтауда әдістемелік бірлестік жоғары нәтижелілігін, белгіленген тәжірибенің қызмет жасау ұзақтығы, қорытынды кешенділігі, уақыттың, құралдарды, күшін тиімді пайдалануы, қайта іске асыру мүмкіндігі, басқа педагогтердің тәжірибелерінде пайдалана білулері. Тәжірибені таратуда маңыздысы оны жүйелеу дағдысы, талдау және жеке құрылым ретінде көрсету болып табылады.

Мектептің әдістемелік ұйымның жоспары оқу жылының жұмысына анализ қосады, оның негізгі міндеті және бағыттары: басқада әдістемелік ұйымдардың түрлерімен байланыстылығы,

әдістемелік ұйымның мүшелерінің жоғарлату квалификациясының жоспарын, білім алушылардың білім деңгейін диагностикалау, білім алушылардың шығармашылық сайыстарға қатысуы, бірегей әдістемелік тақырыппен жұмыс, педагогтардың аттестациясы, педагогтарға көмек көрсету және жеке авторлық оқулық бағдарламаларын шығару.

Әдістемелік ұйымның жұмыс жоспарын оқу жылына құрастырады. Бірінші ұйымдастырылған отырыста бір жылға төрағаны және хатшыны таңдайды, жұмыс жоспарының жобасын талқылайды және толықтырады, жаңа оқу жылына дайындық сұрақтары бойынша тәжірибе алмасады. Мүмкіндігінше әдістемелік ұйымның төрт отырысының әрқайсысында бағдарламадағы қиын тақырыпта тәжірибелі педагог әртүрлі бағыттағы ашық сабақтар өткізілулері керек. Жоспарланғандардың ішіндегі талқылауға түсетін бандаманы ашық сабақ тақырыбына арнау керек. Отырыста талқыланған сұрақ бойынша мүмкіндігінше нұсқаулар қабылдау керек. Іс-тәжірибелік әрекетте нұсқаулардың жүзеге асуын әдістемелік ұйымның төрағасы тексереді.

Соңғы отырыста өткен жылдағы ұйымның іс-әрекетін талқылайды, келесі жылға міндеттер қояды және емтихан материалдарын бекітеді.

Әдістемелік ұйымның жұмысы әдістемелік жұмыстың жүйесіне бағытталған:

жоғарлату квалификациясы ұйымдастырылған-әдістемелік жүйемен қамтамасыз етілген;

диагностикалық зерттеулерді ұйымдастыру тәрбие үрдісін нәтижелілік жоғарлатуға бағытталған;

ұйымдардың және педагогтердің іс-әрекетінің инновациялық экспертизасы және ұйымдасуы;

педагогтердің аттестациялауына қатысу;

тәрбие сапасының диагностикасы;

педагогикалық іс-әрекеттің мониторингі.

Мониторингтің мақсаты: білім беру үрдісінің жағдайынан көрінетін ақпаратты эффективті қамтамасыз ету, білім беру ұйымының дамуының әзірлемесін болжау.

Мониторингтің міндеттері:

объектінің жағдайын үзіліссіз бақылау және нақты ақпарат алу;

өз кезегіндегі жүйеде болып жатқан өзгерістерді анықтау және теріс тенденцияларды ескерту.

Мониторингтің ұйымдастырылуы:

I кезең Ақпараттық жинақ жүргізілетін мониторинг объектісін анықтау және бағыттау. Қортынынды, кезең бойынша және объектінің жағдайының бастапқы кезеңдерінің критерилерін анықтау.

II кезең мониторингтің ұйымдастырылуындағы негізгі белгілеріне –ақпараттық жинақ.

Мониторингтің әдістері: expertтік сұрақ-жауап, бақылау, құжаттарға анализ, сабақтарға қатысу, қатысушылардың білім, білік, дағдыларына бақылау жасау, анкета жүргізу, өзіндік бағалау және тест. Мониторинг барлық кезеңде кең көлемде жаңашыл ақпараттық технологияларды қолдануды көздейді. Жинақталғандарды өңдеу таблица түрінде, диаграмма, әр түрлі өлшегіш шкалалар арқылы, мәтін формасында.

III кезең-аналитикалық. Мониторингтің негізін өңдеу және ақпаратты жүйеге келтіру болашақта қолдануға негіз болады. Алдын ала жоспарланған мониторингтің негізі басқару шылық шешімнің дұрыстығын көрсетеді, әдістерін қайта қарауға, түрлерін, іс әрекеттің дұрыстығын бекітеді.

Мониторингтің бағдарламасы ұзақ мерзімді, көп жылдар бойы бағдарламаның мазмұнын өзгеріссіз қалдыруға болады.

Мағұлматқа статистикалық өңдеу мынаны береді:

топтағы оқитындарға қатысты орынды анықтау;

топтағы оқитындардың жоғары және төмен көрсеткіштерін ерекшелеу;

жылдан жылғы көрсеткіштердің өзгеріс динамикаларын қадағалау;

тапсырмаларды параметрлер бойынша топтарды салыстыруды өткізу;

педагогтің жұмысы сапасының бағасын салыстырмалы түрде алу;

мектептің материалды –техникалық базасының жағдайын анықтау;

кадрлардың потенциалды деңгейін анықтау;

басқару іс-әрекеттің сапасын анықтау.

Анықталған жүйе бойынша оқу жылының барысында арнайы база белгілері құрылады. Бұндай база іс әрекеттің нәтижесін талдауға қажет. Мониторингтің негізгі бағдарламасына іс әрекеттің аспектілері кіреді, мектептің ұтымды жақтарын құруды ерекшелейді. Олардың ішінде: « Білім беру үрдісі,» «Тәрбиелік

жүйе», «Педагогикалық ұжым», «Ресурстармен қамтамасыз ету (материалды база)», «Білім алушылар», «Басқару сапасының деңгейі». Ақпараттық банктің статистикалық құжаттары жыл бойы талданады, жүйеленеді және бағаланады. Бұл оқу-тәрбие үрдісінің барысын ұйымдастыруда, тиісті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Күрделі даму үрдісі ретінде оқу әрекеті үнемі қадағалау мен түзетуге ұшырайтын басты және ағымды сәт болып табылады. Әр мектептің әдістемелік бірлестігінде әзірленген педагогикалық мониторинг жүйесі педагогтерге оқыту үрдісін талдауға және оны жетілдіруге көмек береді.

Диагностикалық ақпаратпен жұмыс істеу принципі келесі мәлімет арқылы біркенеді:

Ақпарат педагог пен оқушы үшін шынайы, түсінікті, жеткілікті болу керек, ойлану үшін бір ақпарат әр түрлі тұрғыдан зерттелу керек.

Оқыту әрекетінің субъектілерінің жеке сипатымен олардың мүмкіндіктерінің негізінде ғана ақпаратпен бұйырып және оны басқарудың әрекеттік құралына аударуға болады .

Бағдарлама мазмұны

1.Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңі (дайындық, ұйымдастыру – әдістеме әрекеті)

Іс -шаралар	Жауаптылар
1.Мектептегі оқу – тәрбие үрдісінің жағдайын талдау	Әкімшілік ,педагогтер
2.Әдістемелік жұмыстың тақырыбы бойынша материалдары насихаттау және шолу	Директордың орынбасары
3.Мониторинг бағдарламасын бір жылға әзірлеу	Директордың орынбасары
4. « Мониторинг – қосымша білім берудің сапасын жоғарлату жолдарының бірі» атты бірыңғай әдістемелік тақырыбы негізінде өз бетімен білім алудың жеке тақырыбын, әдістемелік шарларын анықтау	Әкімшілік, педагогтер

II Реализациялық бағдарламаның кезеңдері (ұйымдастыру және іс-шараның өткізу мониторингі)

№ Зерттеу тақырыбы Өткізу уақыты

Педагогикалық ұжым

Педагогикалық ұжымның құрамы, педагогикалық еңбек өтілімі, жасаралық мінездеме, білім. Қазан, мамыр

Педагогтердің категория бойынша біліктілік деңгейі. Қазан

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін жоғарлату. Қазан

Педагогтердің кәсіби қиындықтарының мониторингі. Қазан

Білім беру ұйымдарында қолданылатын әдістемелік жұмыстың формасы. Педагогтің компетенттік кәсіби өсу деңгейінің динамикасы. Қараша

Педагогтер жаңашылдығы. Жыл бойы

Жаңа педагогикалық технологияның мониторингі, (педагогтер қандай жаңа технологиялар қолданылады). Қаңтар

Білім беру ұйымдарының білім алушылары. Тәуекел топтардың балалары (мәліметтер банкі). Қараша

Мектеп және жас ерекшелігі бойынша оқушылар. Қараша

Іс-әрекет барысындағы баланың қажеттілігін меңгеру. Сәуір, мамыр

Дарынды балаларға арналған мәліметтер банкінің құрылуы.

Жыл бойы

Оқушылар тізімінің құрылуы. Қаңтар

Жеке бас құқық бұзушылығы мен балалар жарақаты. Наурыз

Оқушылар тізімінің түзетуі. Сәуір-мамыр

Тәрбие жүйесі

Тәрбиелік деңгей. Желтоқсан

Білім беру мектептерінде отбасы қажеттіліктерін анықтау.

Сәуір

Әлеуметтік, оқу-тәрбие қызметіне ата-аналардың қанағаттану деңгейі. Ақпан

Әлеуметтік отбасы деңгейі. Наурыз

Мекеме мен бірлестіктерде білім беру үрдісінің қанағаттанарлық мәселесі бойынша ата-аналармен сауалнама жүргізу. Сәуір

Түлектердің өзіндік таңдауы. Мамыр

Білім беру үрдісі

Мектептердің оқу жылына бағдарламамен қамтамасыз ету реестрінің құрылуы. Қараша

Баланың білім алу мониторинг қорытындысы. Жетілудегі өзгерісінің, тәрбиесінің, білім алуды жалғастыруға дайындығының динамикасы (қосымша білім алу бағдарламасындағы баланың жеке өзіндік жетілу үрдісіндегі динамика есебі; баланың қосымша білім беру бағдарламасы бойынша алған білімінің қорытынды есебі).

Қаңтар, мамыр

Шығармашылық бірлестіктердің қорытынды мониторингі (жарты жылдық бойынша). Қаңтар

Оқушылардың жетістіктерінің мониторингі. Мамыр

Шығармашылық бірлестіктердің қорытынды мониторингі (жыл бойғы). Мамыр

Сабақ сапасының мониторингі (негізгі қадағалаудағы). Жыл бойы

Ресурстық қамтамасыздандыру. Мекеменің материалды-техникалық мониторингі. Ақпан

Басқарманың сапа деңгейі. Әдістемелік жұмыстың сапасы мен басқарма ресурсының сапалық қорытындысы. Сәуір, мамыр

Басқармалық іс-әрекеттің сапасы. Сәуір, мамыр

III Бағдарламаның енгізу кезеңдері (аналитикалық).

Әдістемелік тақырып бойынша жұмыс істеу тәжірибе барысындағы жинақ пен жинақталған материалдар. Педагогтер, әкімшілік

Қойылған мақсаттар мен тапсырмалар арқылы жұмыстың қорытындысын қарау. Талдау іс-әрекеті. Әкімшілік

Негізгі талдау іс-әрекеті өз жұмысыңның түзетілуі. Әкімшілік, педагогтер

Әдістемелік банк диагностикасының жасалуы.

Диагностикалық зерттеудің қорытындысы бойынша статистикалық банк пен есеп материалдарының жасалуы. Директордың орынбасары, педагогтер, әдіскер, педагог-ұйымдастырушы

Күтілетін қорытындылар:

Мектептердің іс-әрекет динамикасы бойынша оперативтік ақпарат алу.

Мектептің өркендеуін болжамды жоспарлауда оның білім беру үрдісі арқылы жалпы аналитикалық іс-әрекет қорытындысын айқындау.

Әдістемелік жұмыстың формалары

Әдістемелік жұмыстың ең негізгі бір формасы – ол мектептегі бірыңғай әдістемелік тақырып (мәселе) жұмысы

Әдістемелік тақырып (мәселе) – ол әдістеме аспектісінің анықталған мәселенің тура бағыттармен байланысты меңгеру. Әдістемелік тақырыпты таңдауда әдіскердің, педагогтің өзіндік жеке іс-тәжірибелік, педагогикалық тәжірибесі спецификалық жұмыс ретінде көрсетіледі. Жұмыс кезеңдері мынадай болуы мүмкін: тақырыпты таңдау және негіздеу, тапсырма мен мақсатын анықтау, жоспардың құрылуы: тақырыпқа сәйкес жұмыс әдісі мен формасын таңдау; жинақтау, тақырып бойынша жүйелеу және теория мен тәжірибе материалдарын талдау; экспериментті материалдың жасалуы; мағынасын анықтау және оның қолдану аясы. Бірыңғай әдістемелік тақырып кешенді форманы ұйымдастырып, жүйелі образ факторы болып табылады. Бірыңғай тақырыпты мақсаты жағынан келешекті бөліну арқылы жыл бойынша анықтауға болады.

Тақырыпқа қойылатын талаптар:

1. Ұжым үшін тақырып өзектілігі
2. Педагогикалық ұжымның даму деңгейінің дәл келуі.
3. Жаңа педагогикалық ойлардың айтылуы
4. Ұжымды түрде тақырып таңдалуы тиіс және де оның ішінде лауазымды ұжым мүшелерінің пікілері есептеледі.
5. Жеке дара тұлғада немесе толық ұжымда өткізілетін нақты ғылыми педагогикалық зерттеумен, тәжірибемен бірыңғай әдістемелік тақырып тығыз байланысты.
6. Әдістемелік тақырып оқу, әрі тәрбиелік жұмыстарды қамту керек.
7. Таңдалған тақырып өте қысқа және өзіндік болмауы тиіс.
8. Тақырып жылдар бойынша бөлінуі мүмкін.

Бірыңғай әдістемелік тақырып барлық әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру керек. Берілген педагогикалық тәжірибе мен ғылыми педагогикалық жаңа жетістіктермен танысу теориялық семинар болып табылады. Тәрбие, әдіс және жаңа технология мазмұнын ашуды педагогикалық үрдістегі негізгі сұрақ ретінде талап етеді. Ғылыми баяндамалық жұмыстармен тек қана ғалымдар емес, тәжірибелі педагогтер мен шығармашылық топ мүшелері де айналысу керек. Ол үшін үлкен дайындықты қажет етеді: жеке тұлғалық әңгіме жүргізу, маман ғалымдардан кеңес алу, ғылыми-

әдістемелік әдебиеттерді оқып меңгеру. Ғылыми-теориялық семинарлардың өткізілуі жөнінде ағымдағы оқу жылында 2-3 рет жоспарланады.

Тәжірибелік семинарлар ғалымдардың басшылығымен өткізілетін зерттеу жұмыстарының қорытындыларын таныстыруды және тыңғылықты дайындықты талап етеді. Мұндай семинарларда қатысушылар арасында тек теориялық сұрақтар ғана емес, іс-тәжірибелік білік және педагогтік шебер маманның өсуі бағаланып талқыланады. Іс тәжірибе бөлімін өткеннен кейін тәжірибелікті бағалау үшін міндетті түрде дискуссия немесе талқылама ұйымдастыру керек. Талқыламада әркім өз ойы мен пікірлерін еркін айта алады. Тәжірибелік семинар педагогикалық қарым-қатынас арасындағы шығармашылық, ізденіс, зерттеу іс-әрекеттері мен педагогикалық мәдениетінің жоғарлауы болып табылады. Осындай семинарларда теория мен іс-тәжірибе тығыз байланысады, себебі шығармашылық потенциалдың өсуін қажет етеді.

Келесі форманың бір түрі – *ғылыми-тәжірибелік конференция мен педагогикалық оқу*. Берілген форма мектептегі педагогикалық ұжымның өзіндік қорытынды жасау жұмыстары мен жеке педагогтердің педагогикалық мәселелерін ашу болып табылады.

Тәжірибе берілетін мектебі жеке тұлғалық және ұжымдық жетекшіліктің негізінде мақсат пен тапсырмалар арқылы айқындалады. Тәжірибе берілетін мектебі негізінен тәжірибелі педагог жұмысынан, 2-3 педагогтердің жетекшілерінен, яғни бір ғана пәннен оқытатын және әдістемелік көмекті қажет ететіндерден тұрады. Бұл жұмыстың бағалылығы екіжақты эффектіден тұрады. Тәжірибе берілетін мектебінің нәтижесінде шебер педагогтің шығармашылық зертханасымен әріптес педагогтер жақынырақ таныса алады.

Әдістемелік жұмыстың бағыты бойынша *педагогтердің біліктілігін жоғарлату ұйымы* болып табылады. Маманның шеберлік және мәдени, сонымен қатар қазіргі білім беру жүйесінде заманауи талаптарға сәйкес біліктілік деңгейі мен инновациялық әдісті шешу арқылы теориялық және тәжірибелік білімді жаңарту біліктілікті жоғарлату мақсаттары болып табылады. Біліктілікті жоғарлату тапсырмаларына нормативті-құқықтық құжаттарын меңгеру және талдау, өзіндік білім мазмұнын анықтаудағы педагогтің іс-әрекеті және педагогикалық кадрлардың оқу

үрдісіндегі аттестациядан өту дайындығына көмек көрсету болып табылады.

Қазіргі мектептің негізгі ерекшелігі болып табылатын әдістемелік жұмыстағы *шығармашыл шағын топтар* формасы. Шығармашыл топтардығы педагогтер өз қалаулары бойынша біріктіріледі. Олар ең алдымен жаңа жұмыстарды меңгеру арқылы пікірлерімен алмасып, одан кейін өзіндік тәжірибедегі ойларын айқындайды.

Келесі бір форма – *әдістемелік бұрыштар мен мектеп кабинеттері*. Әдістемелік жұмыс көрнекілікті талап етеді – әдістемелік көрме, қабырға газеттері, бүктемелер және т.б.. Ағымдағы әдістемелік жұмыс: мұғалімдерді әдістемелік жұмысқа белсенді түрде тарту мақсатында кабинетте ақпарат, көрнекілік құралдарын, қабырғаларды безендіреді.

Ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар – *әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың негізгі бір түрі*. Ашық сабақ – арнайы дайындалған әдістемелік жұмыстың ұйымдастырылған түрі. Ашық сабақтарды жоғарғы білікті, ғылыми-әдістемемен қаруланған мұғалімдер өткізеді.

Ашық сабақтар және шеберлік сағаттың тақырыптары төмендегі критериялармен жүйеленеді:

тақырып өзектілігі, топтағы адамдарға немесе ұжымға маңыздылығы;

қанептілігі: екі мәселелерге (және авторлық тақырыптарға) жаңаша көзқарас;

таралу мүмкіндік.

Мысалы төмендегі методологияның, психологиялық әдістемелік ықпалы бар тиімді сабақтың тақырыптары жүргізіледі, олар:

«Өмір және өнер үйлесімдігінің заңдары»;

«Естумен және тыңдауға үйренеміз»;

«Жалпы фортепиано сабақтарында бейнелі ойлауды қалыптастыру»;

мотивациялық мәселелерді оқытуда жетістікке жетуді ұйымдастыру;

музыка үрдісінде көркем шығармаларды қабылдау жолдары; көркем сауаттынымсу және оны зерттеу жолдары.

көркемөнер сауаттылығы және оның диагностика тәсілдері.

Педагогикалық іс әрекет үлесінде педагогтің кәсіби оқуының тиімді түрінің бірі – шеберлік сағаты бұл ғылыми әдістемелік

жұмыс құрылымының ерекше мәнін шертеді. Өзінің педагогикалық шеберлігін арттыру жолында белсенді ізденіс көрсететін, шебер – оқытушыларға, педагогикалық тәжірибе шеберлерін бұл форма аса қажет. Білім беру ұйымдарында сапалы білім беру үшін мемлекеттік және қоғамдық бақылаудың негізгі түрі аттестация болып табылады. Білім беру бағдарламасы оларды тану іске асыруға бағытталған және балалардың деңгейін оқу мазмұнына сәйкес орналықтырған өнер мектептеріндегі аттестацияның мақсаты мен мазмұны болып табылады.

Аттестация мектеп өтініш бойынша жүргізіледі. Аттестациялауды бағалаудың жүйесінің бірі - портфолио және жетістерінің жинақтары болып табылады.

Портфолио біліктілігін жоғарлату өтілісіне сәйкес зерттеу өткізуде нәтижиелі іс – әрекетте және оның кәсіби бағасын формасында нақты уақытта қарастырылатын педагогикалық жұмыстың кәсіби іс – әрекеті. Оның жетістігі мен оқыту әрекет нәтижелігін әділ бағалау. Білім беру мекемесінің педагогикалық қызметкерлерінің жұмысын аттестация аралық кезеңі барысында портфолио құжаттарын жинақтау және жүйелендіру жүргізіледі. Портфолио дайындау оның жұмысының нәтижелігін көрсету, жеке кәсіби өсуін бақылауды қамтамасыз ету, негізгі кәсіби жетістіктерінің жиынтығының «суретін» көруді ұйғарады.

Педагогикалық қызметкер өз портфолиясын өзі қалыптастырады, іріктейді, сонымен бірге бір альбомға немесе арнайы папкаға безендіреді.

Портфолио құрылымы біліктілік категориясына сай expertтік қорытынды көрсеткішімен критерияларына сәйкес мазмұны, бөлімдері көрсетіледі.

Қосымша білім беру педагогінің портфолио бөлімдерін expertтің бағалауы әзірленген алты негізгі құзыреттіліктер жиынтығымен әзірленген кәсіптік стандартқа сәйкес жүргізілу керек:

- дербес сапалар саласы бойынша құзыреттілік;
- педагогикалық қызметтің мақсаты мен міндеттерін анықтау құзыреттілігі;
- оқу (тәрбие) әрекетін жүзеге асыруға білім алушының (тәрбиенушіні) белсендіру құзыреттілігі;
- педагогикалық шешімдер қабылдау мен қызмет бағдарламаны әзірлеу құзыреттілігі

Педагогикалық қызмет негізінде ақпаратпен қамту құзыреттілігі.

Портфолионы ресімдеу талаптары мен онымен жұмыс істеу принципі:

материалдарды құрылымдау, барлық жазба ұғындырмаларының қисындылығы және қысқа түсіндірілуі; дұрыстық және анықтық; толықтық, ұсынылған материалдардың тақырыптық қорытындысы; жұмыс нәтижесінің көрнекілігі; автордың өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы; өзін-өзі бақылау жүйелігі; ұқыптылық және ресімдеу әсемдігі.

Қосымша білім беру педагогі портфолиосының бөлімдері мен мазмұны

Титулды парақ.

Портфолио мазмұны.

Педагогтың ақпарат картасы портфолио материалдарында тез бағдарлау үшін қажет. Оның негізгі мазмұнын көрсетеді.

Портфолио мен оған кіретін материалдар мен пунктiлер құрылымы.

1-бөлім. Педагог туралы жалпы ақпарат – әдістемелік төлқұжат.

Бұл бөлім педагогтың мінездемесі мен түрлі саладағы жетістіктері көрсетілген материалдардан тұрады: тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы (күні, айы); білімі; еңбек және жалпы педагогикалық қызмет өтілі, берілген ұйымдағы еңбек өтілі; біліктілігін арттыру; ғылыми, құрмет қағаздарын және дәрежесін растайтын құжаттар көшірмесі; айрықша белгіленген үкіметтік марапаттар, мақтау қағаздары, алғыс хаттар; түрлі конкурстар дипломдары (жеке); басқа да құжаттар. Бұл бөлім педагогтың жекеше даму процессін айқын көрсетеді.

2-бөлім. Қосымша білім беру педагогінің педагогикалық қызметінің негізгі материалдары.

Бұл бөлімде: педагог атқаратын бірнеше бағдарламалардан тұратын қосымша білім беру педагогының білім беру бағдарламасы немесе білім беру жобасы; тәрбиелеу жүйесі мен тәрбиелік шаралар жоспары; ата-аналармен жұмыс шараларының жоспары; дарынды балалармен жекеше жұмыс жоспары (егер де мұндай жұмыс жүргізілсе); бағдарлама бойынша өтетін жоспар-конспектiлер немесе толық тематикалық жоспарлау кіреді.

3-бөлім. Педагогикалық қызметтің нәтижесі.

Бөлім құрамы:

Оқушылар жетістігін тексеру (**ЗУН** және шығармашылық, жобалық қызмет);

Оқушылар контингенті жайлы ақпараттық сақталуы;

Тексеру шаралары негізіндегі педагогтың 3-5 жыл ішіндегі қызметін салыстырмалы түрде саралау, оқушылардың олимпиадаларда, конкурстарда, жиындарға, көрмелерге және т.б. түрлі деңгейде қатысуы;

сабаққа қатысу жайлы аналитикалық анықтамалар;

олимпиада жеңімпаздарының, конкурстардың, жарыстардың, интеллектуалды марафондардың және т.б. тізімі;

оқушылардың жобалық және әлеуметтік қызметтерін жүзеге асыру;

қатысушылар қызмет түріне байланысты орындаған шығармашылық жұмыстар, рефераттар, оқу-зерттеу жұмыстары, жобалар тізімі;

жеке қасиеттер дамуының, жалпы мәдениет деңгейінің және оқушылардың тәрбиелігінің бақылауы;

педагог қызметі бағытына оқуға түсу жайлы ақпарат;

педагог жұмысы жайлы пікірлер;

баспасөз материалдары;

жыл бойы жасалған жұмыс есебі.

Бұл бөлім материалдары 3-5 жылдағы өзгерісте белгіленеді.

4-бөлім. Ғылыми-әдістемелік қызмет.

Бұл бөлімге педагогтың педагогикалық тәжірибесінің кәсіби өсуі мен диссеминациясын көрсететін әдістемелік материалдар кіреді: семинарларға қатысу және «дөңгелек үстелдер», шеберлік-кластарын және т.б. өткізу; білім беру процессінде ақпараттық-коммуникативті технологияларды пайдалана отырып, оқу-әдістемелік құралдарын шығару; әдістемелік бірлестікте қызмет ету, облыстық профильді орталықтармен, әдістемелік орталықпен, жоғарғы оқу орындарымен және басқа да мекемелермен серіктестік; кәсіпқой және кәсіби педагогикалық конкурстарға қатысу; облыстық, аймақтық және халықаралық деңгейде өтетін педагогикалық конференцияларға қатысу; ғылыми зерттеулер жүргізу; авторлық (түрленген) бағдарламалар орнату; мақалалар және басқа да жарияланған материалдар; педагогтың тәлімгерлік қызметі; басқа да құжаттар.

5-бөлім. Педагогтің әлеуметтік-педагогикалық қызметі.

Бұл бөлімге мынадай құжаттар кіреді: тәрбие шараларының сценарийі, суреттер мен шаралардың бейнетаспасы; ерікті көмек көрсету және балалар мен жасөспірімдерге арналған қоғамдық ұйымдармен серіктес болу; сауықтыру қызметі; бос уақыттағы қызмет; мектеп жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру; басқа да құжаттар.

6-бөлім. Оқу-материалдық база.

Бұл бөлімге: оқу кабинеті төлқұжатынан немесе шығармашылық зертханалардан (бар болған жағдайда) көшірме; білім беру қызметі бойынша әдебиеттер тізімі; көрнекі құралдар тізімі; бағдарлама сәтті жүзеге асуы үшін техникалық оқу құралдарының және жабдықтардың болуы; компьютер мен компьютерлік оқыту құралдарының болуы (виртуалды тәжірибе, білімді қадағалау бағдарламалары, мультимедиялық құралдар және т.с.с.); аудио-видео құралдар; дидактикалық материалдардың болуы; кабинеттің материалды-техникалық базасын дамыту жоспары; педагогтің қалауы бойынша басқа да құжаттар кіреді.

Портфолио құрылымы педагогтің қалауы бойынша өзгере алады.

Жекеше ерекшеліктер мен педагог жұмысының бағытына байланысты портфолионы құру әдістері әртүрлі болуы мүмкін.

Қосымша білім беру педагогі өз қызметін, жетістіктерін сараптағаны, педагогикалық жетістіктерін жалпылауы және жүйелеуі, өз мүмкіндіктерін нақты бағалап, қиындықтарды жеңу жолдарын табуы және одан да жоғары нәтижелерге қол жеткізуі өте маңызды.

Мектептегі әдістемелік жұмысты ұйымдастыру түрлері өзгеріп, көптеген факторларға байланысты жаңарып отырады. Балалар көркемөнер мектебі мен Балалар өнер мектептері оқушының тұлға ретінде дамуына жағдайлар жасауға шақырылады. Бұл тек қоғамдық пайдалы қызметке шақыра алатын, тұлғаның дамуы мен интеллектуалды, рухани, адами тұрғыдан дамуына көмектесетін педагогтердің қолынан келеді. Жұмысын жаңа бастаған жас педагог көбіне сасқалақтап қалады. Мектеп әкімшілігінің міндеті жаңадан келген жас педагогтерге тәжірибе жинау үшін бағытталған көмекті ұйымдастыру керек. Оған когнитивтік (танымдық), жобалау-конструктивті, ұйымдастырушылық, коммуникативті және басқа да шеберліктер жатады.

Танымдық шеберліктер:

- білім мазмұнында жеңіл бағдар;
- оқушылардың ішкі жағдайын анықтау;

- өзінің психологиялық жағдайын, өз қызметінің нәтижелерін, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін бақылау.

Жобалау-конструктивті шеберліктері:

- мақсаттарды қалыптастыру және педагогикалық процестің міндеттері;

- жұмыс жүйесін жобалау, ақпараттың тиімді мазмұнын таңдау;

- қажетті ақпарат игерілуі мүмкін оқушылар қызметін жобалау;

- өзінің болашақ қызметін және әрекетін жобалау.

Ұйымдастыру шеберліктері:

- перспективалық және ұйымдастыру жобалары мен бірлескен жұмыстардың құрылысы (оқу, білім беру, тәрбие, зерттеу және т.б.);

- технологияларды дайындау;

- тиімді әдістер және оларды жүзеге асыру құралдары; бақылау жүйесін ұйымдастыру, әрекеттесу нысандарымен кері байланысты бақылау.

Коммуникативті шеберліктер:

тілдесу, ақпаратпен алмасу және осы негізде педагогикалық процестің қатысушыларымен қарым-қатынасты жақсарту. Негізгі тілдесу құралдары– сөздер мен әңгіме, ым мен ишарат.

Осылайша аталған шеберліктер білім жүйесі базасында қалыптасады. Педагогтің педагогикалық құрылым білімінің негізгі элементтері:

- пән мазмұнын білу;

- білім беру қызметінің орындалу тәртіптерін білу (амалдарын, түрлері мен педагогикалық әсердің әдістерін);

- оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін игеруін білу (еңбек, тілдесу, таным);

- оқушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін білу;

- өзінің және қызметінің ерекшелігі мен кемшіліктерін білу.

Жас ұстаздың педагогикалық қызметінің нәтижелігі аталған білімдер мен шеберліктерге ғана емес, сонымен қатар педагогтің өзінің жеке қасиеттеріне де байланысты. Біздің ойымызша, ең бастысы – сезімдік тартымдылық, тұлғаның икемділігі, серіктестікке дайын болу.

Кейбіреуін қысқаша мінездейік:

рефлексивтік – ұстаз ойының өз-өзіне бөлінуі, оқушылардың ол жайлы ойын және ұстаздың оқушы қызметін түсінуді есепке алу;

эмпативтік – адамдардың көңіл-күйін сезіну, олардың тілектерін анықтау, оларды мазалаған жағдайға жанашырлық таныту, өзін басқа біреудің орнына қоя білу;

көпшілдік – адамдармен тез арада қарым-қатынас құрып, ұжымға кіре білу. Тілдесудің негізгі мәні – ұстаз бен оқушының, ұстаз бен әріптестің рухани тұтастығына қол жеткізу. Бұл оның өзіне және өзгеге деген жақсы қарым-қатынасты қалыптастыруға әкеледі.

Әдістемелік жұмыстардың жекеше түрлері: материалды педагогикадағы пәндер (ғылымдар) бойынша жинақтау және өңдеу: психология, валеология, пәнді үйрету әдісі, машықтану, тәлімгерлік, жеке шығармашылық тақырыппен жұмыс, жекеше кеңестер, жекеше білім алу, рефлексия және өз қызметін талдау, меншікті жетістіктер мұқабасын дайындау (портфолио), әдістемелік жинақ сандықшасы, меншікті диагностикалық материалдарды әзірлеу, белгілі бір мәселе бойынша мониторинг жүргізу, авторлық курс немесе оқу құралын және т.б. дайындау.

Жоғарғы оқу орнын бітіргелі үш жыл аралығындағы мектептегі педагогикалық жұмысты машықтану десе де болады. Бұл кезде ұстаз тәжірибе жинап, мамандығын таңдау дұрыстығына сынақтан өтеді.

Тәжірибеден өту міндеті – педагогикалық қызмет үшін тәжірибе жинақтау:

- белгілі бір практикалық жұмыста жоғарғы оқу орнында алған теориялық білімдерін қолдана білу;

- балалармен тәрбие жұмыстары бойынша педагогикалық тәжірибелерге ие болу және жетілдіру;

- алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені үйрену және оны игеруге ұмтылу, оқушылардың танымдық қызметін жандандыру үшін әдістер мен заманауи техникалық құралдарды іздеу;

- жаңадан келген педагогтердің кәсіби мәнді жеке қасиеттерін, білім беру жүйесінде оларды мейлінше тиімді пайдалану мақсатында анықтау.

Машықтану кезінде мектеп жаңадан келген маманның селқос қадағалаушы емес, еңбекқор ұстаз болуын күтеді. Сондықтан педагогтің сәйкесінше білім беру дайындығы болуы, өз пәнін және педагогика мен психологияны заманауи деңгейде білуі шарт.

Машықтануды ұйымдастыру жұмысын зерттеуде негізгі бірнеше талаптарды атап көрсетуге болады. Олардың орындалуынан машықтану процесін бақылау тәуелді болады. Машықтану процесін бақылау – ұйымдастыру, оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Ұйымдастыру қызметін мектеп, білім беру органдары жүзеге асырады. Машықтанушыларды есепке алу, машықтанушылар мен олардың тәлімгерлеріне практикалық әдістемелік көмек (мектептерді аралау, машықтанушылар мен тәлімгерлер семинарлары; педагогикалық шеберлік мектептері; жас педагог апталығы, машықтанушылар тәлімгерлерінің семинарлары білім беру бөлімшелерінде жекеше кеңестер) көрсету.

Оқу-әдістемелік қызмет машықтанушыларды үйретуге арналған келесі сұрақтардан тұрады:

- мектептегі оқу-тәрбие процесін перспективалық және тақырыптық жоспарлау;

- пән бойынша оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау;
 - сабақ жоспарын әзірлеу;
 - мектептің жұмыс жоспарына (тәрбие) сәйкес сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау;
 - пән бойынша қатысушыларға жекеше көмек көрсету;
 - пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру – фронталды (экскурсиялар, оқу және ғылыми-танымал фильмдерді көру, конференциялар, лекциялар), топтық (үйірме, олимпиада, жорық, пікірталас және т.б.) және қатысушылармен жекеше жұмыс;
 - сабақта түрлі әдістерді, әдістемелік амалдарды, қатысушылардың танымдық ой-өрісін кеңейтетін (әңгімелер, лекция, зертханалық жұмыс, қатысушылардың өзіндік жұмысын негізге алу, эксперимент, көрсету) түрлері мен құралдарды пайдалану;
 - мектеп кабинетін әсемдеу мен оқушылардың оған қатысуын ұйымдастыру;
 - өз пәні бойынша жалпымектептік бір шараны ұйымдастыру;
- Машықтанушыны мектептегі әдістемелік кеңес құрамына кіргізу және оның жұмысына белсене араласу;
- жетекшінің көмегімен машықтанушының әдістемелік тақырып таңдап, сол бойынша реферат жазуы (реферат мектептегі әдістемелік кеңес отырысында талқыланады);
 - машықтанушының техникалық оқу құралдары мен мектептің көрнекі құралдарын тануы, кейіннен оларды оқу барысында пайдалану;
 - өз пәні бойынша машықтанушының тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына, оларды талдауға қатысуы, мектептегі білікті мұғалімнің бірінің педагогикалық тәжірибесін үйрену;
 - кемінде екі ашық сабақ өткізу;
 - оқушылардың білімін түрлі сауалнама түрлерін пайдалана отырып, тексеру (бақылау жұмыстары, сынақтар, ауызша жекеше және фронталды сауалнама және т.б.);
 - педагогикалық және әдістемелік әдебиетпен жүйелі түрде танысу, оларды талқылауға қатысу.
- Мектептің, білім беру мекемелерінің, біліктілікті арттыру институттарының, жоғарғы оқу орындарының әрекеттесуі жас педагогтерді машықтандыруға мүмкіндік береді және ол төрт кезеңнен тұрады:
1. Таныстыру. Мақсаты: бітіруші студенттерді мамандығы бойынша жұмысқа даярлау.
 2. Жас мұғалімді белгілі бір мектепке педагогикалық қызметке араластыру.
 3. Серіктестіктегі машықтану бағдарламасын тәлімгерлермен, мұғалімдер ұжымымен орындау.
 4. Машықтану практикасының қорытындысын өткізу.

Жас ұстаздың оқу-тәрбие жұмысында қоршаған ортаға бейімделу мәселесін шешуде, мектеп тәлімгері жүйесін құру көмектеседі. Жас маман үшін жаңа қызметке бейімделу барлық ішкі қорларды жұмылдыруды талап ететін, аса үлкен сезімдік мықшындауды алып жүреді. Бұл стратегиялық міндетті шешу, жас ұстаздың кәсіпқойлық деңгейінің өсуін, оның өздігінен жетілуіне, дамуына, іске асырылуына уәжін қалыптастыра отырып, оралымды және оңтайлы тәлімгер жүйесін құруға көмектеседі.

Педагогикалық тәлімгерлік - білім беру мекемесінде педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі жоқ ұстаздармен жеке тәрбие жұмысының әртүрлілігі.

Педагогикалық тәлімгерлік – жас маманның педагогикалық қызметті жүргізе білуімен мен қатар қажетті дағдыны жетілдіруіндегі тәжірибелі мұғалімнің жеке және жүйелі жұмысын қарастырады. Ол, жас маманның білім беру әдістемесі мен пәндік жағынан бағыты бар білімін жан – жақты және терең жетілдіруіне тиіс.

Тәлімгер – оқыту және тәрбие беру әдістемесінен білімдар, жоғары кәсіпқой және өнегелі қасиеті бар тәжірибелі ұстаз. Жас маман – ЖОО бағдарламасы бойынша педагогика негіздерінен білімі бар, ары қарай өзінің білімі мен дағдысын әбден жетілдіруге бейімі мен ынтасын білдерген, жаңа ғана бастап жүрген жас маман. Ол тәлімгердің басқаруымен құрастырылған жоспарға сәйкес, өзінің біліктілігін кәсіби түрде жоғарылатады. Тәлімгерлік екі жақты процесс болғандықтан, жас маманды білімге, шеберлік пен дағдыға үйретуге оқытудың ең негізгі шарты, оның тәжірибені қабылдап алуына дайындығы.

Тәлімгер ұстаз, жас маманның кәсіби деңгейін ашуға, оны ұжымдағы қоғамдық өміріне белсене қатысуына, қоғамдағы маңызды істерге қызығушылығын арттыруға, оның кәсіби шеберлігін және шығармашылық қабілетін, қоғамдық - мәдени, профессионалды ой өрісін жетілдіруге себепші болып отыруы қажет.

Ол, инновациялық технологиялар бойынша білім беру және тәрбиелеу технологиясын меңгеріп алуына, біліктілігін көтеріп және де өз білімдарлығын жетілдіруге талпынуына тәрбиелеу қажет. Тәлімгер жас мамандарға келесі салаларда қолғабыс беруін міндетті түрде қамтамасыз ету керек:

педагогикалық қызметте практикалық және теориялық негіздерді меңгеруіне; (дайындық, сабақ берудегі әдіс-тәсілдері, сабақты басқарудың негізі ж.т.б.);

өзінің кәсіптік деңгейде өсу бағдарламасын құрастыруына;
өздігінен білім алу үшін алғашқы әдістемелік тақырып таңдауына;

алғаш біліктілік деңгейін көтеруіне дайындалуына;
отандық педагогика мен білімнің инновациялық бетбұрысын игеруге;

дәрежесін көтеру немесе бекіту аттестациясына дайындалуына;

Жас маманмен жұмыс құрылымын таңдау, сауалнамадан және де ол өзінің қиыншылықтарын, мәселелерімен сәтсіздіктерін айтатын тестілеу мен әңгімелесуден басталуы керек.

Содан кейін, тәлімгер мен жаңа бастап келе жатқан ұстаз арасындағы жұмыс бағдарламасы анықталады. Жас маманмен тәлімгердің өзара әрекет жасауы сылдырлықты болу үшін, тәлімгер өз тәжірибесін паш етуге және тәжірибесі жоқ жас оқытушыны үйрететін тәрбиеші бола алмайтындығын және болмауына үнемі жадында сақтауы қажет.

Тәлімгерлік – ол үздіксіз әңгімелесу, тұлғааралық коммуникация, сондықтан тәлімгер әрдайым сабырлы және нысаналы болуы керек. Жас маманмен жұмыс жасау барысында ол, ара қатынастың ең үздік тиімді түрлерін қолдануы керек, олар: іскерлік және рөлдік ойындар, «аз топтар» жұмысы, жағдай сараптамасы, жеке көшбасшылық, шешім қабылдай білу қабілеті, ойын арқылы тұжырымдау шеберлігі. Жас ұстаздың профессионалды құзыреттігін көтеру үдерісінде тәлімгерлік ұйымдастыру бірнеше кезеңдерден тұрады және де ол жаңа бастап келе жатқан мұғалім қызметінде функционалды және жеке дара жетілуін қалыптастырады, сондықтан оған сәйкес «Мен - тұжырымдамамын» негізінде ең қажетті кәсіби қасиеттерін қосады. (жобалаушы, ұйымдастыру, сыналық, талдау). Осыған орай тәлімгер өз қызметін үш кезеңге бөледі:

1 кезең – үйрену. Тәлімгер жас маманның міндеттері мен өкілеттілігін анықтайды және де үйрету бағдарламасын жасау үшін оның дағдысы мен іскерлігіндегі кемшіліктерін табады.

2 кезең – негізгі (жобалаушы). Тәлімгер үйрету бағдарламасын жасайды және іске асырады, жас ұстаздың

профессионалды шеберлігіне түзетулер енгізеді, өздігінен жетілуі үшін оған жеке бағдарламасын құруға көмектеседі.

3 кезең – бағалау - тексеру. Тәлімгер жас маманның кәсіби біліктілік деңгейін тексереді және де оның функционалды міндеттеріне дайындық деңгейін анықтайды.

Тәлімгерлік жас маманның өздігінен жетілуіндегі талаптарына себепші және де оның кәсіпқой тұлға ретінде жетілуіне мүмкіндік туғызу қажет. Тәлімгерлік жүйесінің тиімділігін жан-жақты қарастыру, мектеп басшыларына мен тәлімгер - ұстаздарға жас мұғалімдердің кәсіби түрде қалыптасуының міндеттерін шешуге, оларды өздік жетілу жобасына қосуға, оларға өздігінен жетілуіне, өзін-өзі байқауды дамытуға, олардың кәсіби құзыреттігін көтеруде көмек көрсетуге мүмкіндік туғызады. Әдістемелік жұмыстың мақсаты әрбір ұстазға озық педагогикалық тәжірибенің жинақталуы мен оқытуындағы жаңа бағдарламаның құрастыруы мен қабылдануына, білімнің жаңа мазмұнының қалыптасуына ерекше көңіл бөлу. Бұл көмек өткен жылғы жұмыс сараптамалары мен кемшіліктерін есепке ала отырып, мұғалімдермен жұмыс диагностикалық негізде құрылады. Диагностика ғылыми-әдістемелік жұмысты жүйелейді. Мектептің әдістемелік тақырып мән мәтінінде ұстаздар өздігінен білім алу қызметіндегі мәселелерді өздері үшін анықтайды. Тақырыпты сырттан міндеттей алмайды, ол ұстаздың кәсіпқой қызығушылығынан туындайды. Ұстаздың барлық жұмысы – ол, үнемі өздігінен жетілуді болжайтын, демек өзінің педагогикалық және әдістемелік арсеналын үнемі жаңартатын ізденіс. Жеке жоспар жазу – бұл шығармашылық жұмыс. Өзінің мәселелерін жақсы түсінетін және кәсіби өсуге ұмтылатын ұстаз ғана сапалы жоспар жаза алады. Бұл күрделі істе жаңа бастап жүрген ұстазға мектеп басшысы мен әдіскердің көмегі қажет. Жеке әдістемелік тақырыпты құрастырған кезде жұмыс жоспары формалды түрде болмауы қажет. Ұстаз үшін кәсіби жетілу ішкі сұраныс болуы қажет және де, оның үнемі жетілуіне, үнемі алға ұмтылуына көмектесу әдістемелік жұмыс жетекшісінің ең басты міндеті болып табылады. Мұғалімнің өздігінен білім алу жоспары білімдегі жекеше тақырыбына тең келуі, ұстаздың бірыңғай әдістемелік тақырыптағы жұмысында бейнеленеді. Әдістемелік тақырыбында жұмыс жасау кезеңдер бойынша жоспарланады, олар:

мәселені теориялық түрде зерттеу, әдебиетті оқып білу. (ӘО, ТМО, педагогикалық кеңестерде сөз сөйлеу);

мәселені практикалық тұрғыдан зерттеу (өзінің тәжірибесін мақылдау, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу);

алынған нәтижені жинақтау - саралау, мәселемен жұмыс жасаған құжаттарды рәсімдеу (ашық сабақтар, шығармашылық есеп, өздігінен білім алу тақырыбы бойынша есеп);

Өздігінен білім алу тақырыбы бойынша ұстаздар жұмысын бақылау, әкімшілік қызметіне жатады және де ол мектепшілік бақылау жүйесіне енгізілген, сонымен қатар ЭО және проблемалық топтар жұмысын тексеру, өздігінен білім алу тақырыбы, мектеп құжаттарын зерттеу сұхбаттасу түрі арқылы жүзеге асады. Жеке кеңестер жас мамандармен алғашқы педагогикалық тәжірибені меңгеруде, авторлық бағдарламаларды ғылыми зерттеулердің практикалық бағдарында жиі қолданылады. Осы тәсілдің негізіне ұстаздың жеке қызметіндегі мәселелерінің мағлұмат сараптамасы, жаңа бағдарламаны қабылдау үдерісі мен талаптары, мазмұны, әдістемесі және т.б. жатады. Ұстаздың кәсіптік шеберлігін жетілдірудің бірінші сатысы, жеке адамның өздігінен білім алуы болып табылады. Оқытушы өзінің дамып жетілуіндегі үнемі жұмысы, баланың тәрбиесі мен дамуына бағытталған педагогикалық қызметтің ерекшелігі мен маңызды. Өздігінен білім алу – ұстаздың көп құрамдық жеке және профессионалды маңызы бар өздік танымдық қызметі, ол өзіне білім беру, пәндік, психико - педагогикалық және өздігінен білім алу әдістемесін қосады. Ұстаздың өздігінен білім алудағы жеке жоспарының құрылуы дәл осындай жұмыстың желісі болып табылады. Өздігінен білім алу жұмысының басты мақсаты – ұстаз қауымының кәсіби деңгейін жүйелі түрде көтеруі. Өздігінен білім алу жоспарын жазуда әр түрлі нұсқалары бар. Ұстаздарды әдістемелік бірлестік отырысында үлгілі жұмыс жоспары тақырыбымен таныстыру тиіс. Мұғалімнің өздігінен білім алудағы негізгі бағыттарына педагогиканың жаңа жетістіктерімен, бала психологиясы, анатомия, балаларға қосымша білім беру мекемесінің алдыңғы іс-тәжірибесімен, физиологиясы мен жаңа бағдарламаларды зерттеуімен, педагогикалық инновациялық технологияны, оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиет және өзінің ортақ мәдени дәрежесін көтеруімен, білім беру сұрақтары бойынша жаңа нормативті құжаттармен таныстыру болып табылады. Ұстаздың өздігінен білім алу тақырыбы бойынша ереже педагогикалық кеңесте бекітіледі. Өздігінен білім алу тақырыбы бойынша жұмыс нәтижесі баяндама, мазмұндама, бағдарламалар, дидактикалық материалдар, журналдағы мақалалар,

әдістемелік құралдар, ғылыми-әдістемелік құрастырулар түрінде көрсетілуі мүмкін. Сонымен қатар, ұстаз өздігінен білім алу тақырыбы бойынша жұмыс барысында немесе аяқталған кезде істелінген мәліметтерді таныстыруы тиіс. Ол әдістемелік бірлестік отырысында, әдістемелік және педагогикалық кеңестерде, теориялық, әдістемелік – практикалық семинар, практикум, тренинг, шебер-сынып, ашық сабақтар түрінде таныстыра алады. Барлық атқарылған жұмыс туралы мәлімет әдістемелік кабинетке тапсырылады және де өзге ұстаздар қолдана алады. Мектеп әдіскері өздігінен білім алу тақырыбы бойынша кеңес береді, қажетті әдістемелік көмек көрсетеді, ұстаз жұмысын қадағалайды және де есеп жүргізеді. Ұстаздың тақырып бойынша жұмыстың қай кезеңінде екенін қадағалау үшін, әдіскер жыл сайын олардың тапсырылған есептері бойынша бақылау кестесін толтырады, ол егерде қандайда бір көмек қажет болған жағдайда, нақты оқу жылында қандай тақырыпта жұмыс түрі жүзеге асырылып жатқанын анықтай алады. Өзінен білім алу есебі ұстаз жұмысының көрнекі құралдары бойынша көрсетуін талап етеді. Баяндамалар, мазмұндамалар, іс-шараларды дайындау, авторлық бағдарламаларды жасау, тесттерді құру, сауалнама т.б. және білім алушылардың ұстаз жетекшілігімен жаратылған еңбектері: суреттер, көрсетулер, қолдан жасалған өнімдер, шығармашылық жұмыстар көрмелерде көрсетілуі керек. Қолданылған мәлімет нәтижесінің өнімділігін бағалау үшін, жаңа бастап келе жатқан ұстаздардың ғылыми-әдістемелік жұмысының болуы қажет.

Ұстаз

Жұмысының сараптамасы, мәнін түсіну.

Оның жұмысы кіретін, ғылым бағытының жағдайын зерттеу.

Басқа ұстаздар тәжірибесімен танысу.

Өз тәжірибесін жинақтау мен сипаттау үшін мәліметті іріктеп алу.

Сипатталғанды ресімдеу.

Өзінің жұмыс тәжірибесін әріптестеріне көрсету, оның тәжірибесін өз практикасына кіргізетін ұстаздарға көмек көрсету.

Оз жұмысының жетілуі.

Әкімшілік, мектеп әдіскерлері

Оқушылардың жұмыс тәжірибесіндегі оң жақтарын табу.

Ұстаздардың жұмыс тәжірибесінің ғылыми-әдістемелік сараптамасы.

Мұғалімдерге мектеп деңгейінде жұмыс тәжірибесін жинақтауға, сипаттауға және мәнін түсінуге әдістемелік көмек көрсету.

Алғашқы педагогикалық тәжірибені мекемеде ұйымдастыруды насихаттау.

Ұстаздардың мектеп ішінде жұмыс тәжірибесімен алмасуын ұйымдастыру.

Әдістемелік қызмет

Педагогикалық практикаға тәжірибені енгізу деңгейіне жауап беруші белгілерге сәйкес, озық педагогикалық тәжірибені табу (қалалық әдістемелік шараларды ұйымдастыру, жалпы білім беру мекемесіндегі әдістемелік жұмыс сараптамасы, I және жоғары біліктілік санатына аттестациядан өтушілер, оқушылар аттестациясының қорытынды нәтижелерінің сараптамасы арқылы).

Озық педагогикалық тәжірибенің ғылыми-әдістемелік сараптамасы. Ұстаздарға жұмыс тәжірибесін жинақтауға, сипаттауға және мәнін түсінуге әдістемелік көмек көрсету. Барлық педагогикалық практикаларда озық тәжірибені қолдану жолдарын анықтау. Осы тәжірибені қолдану бойынша сипаттама дайындау. Озық педагогикалық тәжірибені өңір деңгейінде насихаттауды ұйымдастыру. Өңір деңгейінде педагогикалық қызметтегі ұстаздарға практиканың озық әдіс, тәсілдеріне оқытуды ұйымдастыру.

Озық педагогикалық тәжірибенің ғылыми-әдістемелік сараптамасын өткізу бойынша ұсыныстар.

Ұстаз ұсынған мәселе бойынша ғылыми әдебиетті зерттеңіз.

Жұмыс тәжірибесінде көрсетілген сипаттаманың жаңашылдық деңгейін анықтаңыз.

Қарастырылған тәжірибе жататын, педагогикалық қызметтегі ұстаз анықтаған компоненттің дұрыстығын көрсетіңіз.

Ұстаз қолданатын ғылыми әдістерді анықтаңыз.

Көрсетілген тәжірибе сипаттамасының толықтығына талдау жасаңыз.

Оқытушы ұсынған осы жұмыс тәжірибесі, іс-тәжірибесінде іске асырылып жатқандығы туралы көрсетілген мәлімет пен шынайы ақиқаттың ара – қатынасына тікелей бақылау жасаңыз.

Осы қолданылған жұмыс тәжірибесінің оң нәтижелерін дәлелдейтін құжаттарды оқып шығыңыз.

Зерттеліп жатқан педагогикалық тәжірибені қолданудағы тиімділікті дәлелдеу үшін көрсеткіш алу жұмысын ұйымдастыру.

Бұл педагогикалық тәжірибені жинақтау, қолдану және тарату түрлері бойынша ұсыныстарды қисынға келтіріңіз.

Берілген педагогикалық жұмыс тәжірибесіне ғылыми-әдістемелік сараптама жасаңыз.

Қорытындылар мен ұсыныстарды педагогикалық, әдістемелік кеңесте талқылаңыз.

Педагогикалық тәжірибе авторына ғылыми-әдістемелік сараптама беріп, осы тәжірибені жинақтау, тарату және енгізу ұсыныстары бойынша өткізілген әдістемелік, педагогикалық кеңес шешімдерінің көшірмесін қосыңыз.

Оқу бағдарламасына пікір жазу және рәсімдеу бойынша ұсыныстар

Оқу бағдарламасына пікір жазу – ол берілген құжатқа жазбаша талдау жасау. Пікірдің басы оқу бағдарламасының толық аты, оның түрлеріне анықтама және де арнайы автор туралы деректерден тұруы қажет (ТАӘ, біліктілігі, лауазымы, жұмыс орны)

Пікірдің негізгі тарауларына мыналар жатады:

- 1) кіріспе;
- 2) белгілеу бөлімі;
- 3) талдау бөлімі;
- 4) соңы;

Кіріспеде бағдарламаның жаңашылдығы және де білім үдерісінде тиімділікті көтеру мақсатындағы талаптар жасалынады. Пікірдің белгіленген бөлімінде жан-жақты және әділетті бағасы беріледі:

пән бойынша көрсетілген мақсат пен міндеттердің бағдарлама мазмұнына сәйкестігі.

бағдарламаның ғылыми мазмұны, оның қазіргі заманға сай болуы;

оқу құралы құрылымының қисындылығы мен байланысы;
оқу тәсілдерін таңдау негіздері;

оқушылар осы бағдарламаны сапалы түрде меңгеруді анықтайтын диагностика және критерий аппараты;

бағдарламаны меңгеруге берілген оқу уақытын тиімді бөлу;

бұл бағдарламаны іске асыру үшін берілген ғылыми-әдістемелік жинақтама;

бағдарлама құрылымы;

Пікірдің талдау бөлімінде осы бағдарламаның қолданыстығымен салыстыру ерекшеліктерінің айырмашылығы және де пікірде байқалған кемшіліктер сараптамасы көрсетіледі.

Аналитикалық бөлімде бағдарламаны жетілдірудегі дәлелденген ұсыныстарды қисынға келтіру керек. Соңында білім беру процесін оқу әдістемесінде көрсетілген түрде қамтамасыз етуге немесе пікір жазушы авторы белгілеген кемшіліктерді түзеткеннен кейін, бағдарламаны бекіту мүмкіндігі туралы қорытынды тұжырымдалады.

Рецензия авторы бағдарламаның өңделген нұсқасына келесі пікір жазу қажеттілігін көрсете алады. Рецензия авторының қолы, оның біліктілік деңгейін, шенін, ғылыми дәрежесін, тегін, атын, әкесінің атын, лауазымының толық атауын ашып көрсетуге тиіс және де берілген тәртіпке сәйкес жұмыс орны немесе лауазымдық тұлға мен мекеменің мөрімен куәландырылуы керек.

Сабақтың әдістемелік зерттеулеріне пікір жазу және рәсімдеу бойынша ұсыныстар

Әдістемелік зерттеулерге пікір жазу – ол берілген мәліметті жазбаша түрде қарау. Пікір, сабақ түрінен, оның тақырыбынан, пән немесе бағытынан, балалар жасы және сабақ өтетін жерінен, қанша балаға есептелгені, ұзақтығы, автордың жеке деректерінен басталуы керек. (ТАӘ, біліктілігі, лауазымы, жұмыс орны)

Пікірдің негізгі бөлімдеріне мыналар жатады:

- 1) кіріспе;
- 2) белгілеу бөлімі;
- 3) талдау бөлімі;
- 4) соңы.

Кіріспеде сабақтың дидактикалық, әдістемелік және мазмұнды компоненттері дәлелденген өзекті баға беруден құрылады. Пікірдің белгіленген бөлімінде жан-жақты және әділетті баға беріледі:

сабақ мазмұны стандартқа, таңдап алынған білім беру бағдарламасына сәйкестігі;

сабақтың білім беру процесінде толықтай қамтамасыз ететін психико - педагогикалық принцип жиынтығына сәйкестігі;

сабақтың мазмұны мен құрылымы көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі;

оқушылар жұмысындағы уәжді қамтамасыз ету;

білімнің ғылыми мазмұны және де заманға сай ғылымдағы жетістіктеріне сәйкестігі; сабақтың қисыны, байланысы, толық құрылымы;

оқытудағы әдіс-тәсілдері, құрылысы мен құралдарын таңдау негіздері;

осы сабаққа есептелген танымдық –оқу мәлімет мазмұны, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;

оқыту уақытын тиімді бөлу;

өздігінен білім алу икемін дамыту тәсілінің ұтымдылығы;

Балалардың әлеуметтік құндылықтарын жетілдіру және қалыптастыру үшін педагогикалық жұмыстың құрамдас бөлігі мен танымдық – оқу мәліметтерін қолдану. Рецензияның аналитикалық бөлімінде осы зерттемелердің өзгеше ерекшеліктерін, сондай-ақ пікір жазушымен ескертілген кемшіліктер егжей-тегжей көрсетілген және жасалған сараптама түсіндіріледі.

Соңында келесі қорытындылар тұжырымдалады.

Осы зерттемені білім беру процесінде көрсетілген түрде немесе пікір жазушы белгілеген кемшіліктерді есепке ала отырып, өңделгеннен кейін қолдану мүмкіндігі. Көрсетілген зерттемеде алғашқы әдістемелік идеяны жинақтауды және таратуды ұйымдастыру мүмкіндігі. Пікір жазушы зерттеменің түзетілген нұсқасын кейіннен тағы да бір рет пікір жазу керектігін көрсету қажет. Пікір жазушы автордың қолы аты-жөні, тегі, ғылыми деңгейі, дәрежесі, біліктілік деңгейі және оның лауазымының толық атауын ашып жазылуы қажет. Пікір жазушы автордың қолы, автор жұмыс істейтін мекеменің мөрімен, жұмыс орнының мөрімен немесе лауазымды тұлғаға белгіленген тәртіп бойынша куәләндіру міндетті. Өртүрлі формадағы жүзеге асатын жұмыстың ең маңызды бағытының бірі – педагогикалық кадрлардың біліктілігін көтеру, ол - біліктілікті көтеру және даярлық курстары, аттестация, портфолио құрастыру сонымен қатар оқушылар концерті, психико - педагогикалық және әдістемелік семинарлар, шебер-сыныптар, педагогикалық шеберлік фестивальдары мен сайыстары, оқушыларға арналған сайыстар мен фестивальдар, педагогикалық тәжірибені жинақтау.

Әдістемелік ұсыныстар, құралдар, тесттік және бақылау мәліметтері, ашық сабақтар, әдістемелік хабарлар, сабақтарға өзара қатысу, консультациялар.

Өртүрлілік әдістер мен тәсілдер әрбір мұғалімге әдістемелік жұмысы мен өзінің педагогикалық деңгейін көтеруге мүмкіндік туғызады.

Жарияланым –қоғамдық сараптаманың кезені. Белгілі, зерттеу жұмыстарының нәтижелері құнды педагогикалық тәжірибе жарияланым түрінде рәсімделеді. Ең жиі әдістемелік ұсыныс, әдістемелік зерттемелер, оқу бағдарламалар, жұмыстың

дәптерлерінің, баяндаманың тезистерін жариялайды. Қысқаша аталған басылымдардың түрлеріне талаптарын мінездейміз.

Әдістемелік ұсыныстар – тағайындалған тақырыпқа, тарауға немесе оқу пәннің сұрағына басылым. Оларда тапсырманың орындалуының әдістемесі анықталады немесе әрекеттің мінезі, тағайынды жұмыстың орындалуы түсіндіреді.

Әдістемелік зерттемелер - нақты материалдардың теориялық идеясын және практикалық мүмкіндіктерін анық көрсететін педагогтің көмегіне арналған басылым. Мысалы, тематикалық курсқа жоспарлау, жеке сабағының конспекттері және т.б.

Жұмыстың (оқу) бағдарламасы - мазмұның, көлемің, пәнді оқытудың тәртібінің басылымы.

Жұмыс дәптері - айрықша дидактикалық аппарат, өзіндік жұмыс істеуге себебші болатын басылым.

Ғылыми-практикалық конференциясы баяндамаларының тезистері – сол ғылыми конференцияға дейін немесе кейін хабарламаның немесе баяндамашының рефератын жариялайтын мерзімсіз жинақ.

Сонымен, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу жұмысын құру, қағидалы және практикалық білімнің меңгеру, белсенді тәжірибе, қоғамдық сараптама білімнің ұйымының ғылыми-әдістемелік жұмысының жүйесінің буындары болып табылады, соған қарамастан негізгі мақсаты – әр білім ұйымдарының педагогтеріне ғылыми-методикалық жағдай жасауға және білімді қызметінің сапасын қамту - оқушылардың білім сапасын арттыруға әкеледі.

Аттестация талаптарға біліктілік, жеке біліктіліктің санатының немесе бар біліктіліктің санатының растамасының әрі педагогикалық жұмыскердің кәсіби деңгейінің сәйкестігіне өткізіледі.

Аттестация кәсіби біліктіліктің деңгейінің толассыз көтермелеуіне, шығармашылық бастаманың және ұстаздың дамуына, абыройдың және педагогикалық жұмыскердің беделінің өсуіне, моралдік және материалдық көтермелеудің мүмкіндігінің аумақтау, ол еңбек төлемақы деңгейін көтеру. Аттестацияның негізгі ұстанымдарымен ашық, алқалылық, бірзділік, жүйелік, объективтік болып табылады.

Қосымша білім беру педагогінің аттестациясы деңгей сәйкестігінің ұйғарымымен педагогикалық және басқару-қызметкердің кәсіби біліктілігіне, біліктілікке сай талаптардың санаттары болып табылады.

Педагог білу керек: мазмұнды, әдістемені және көркем-эстетикалық облысында жұмысты ұйымдастыруын.

Ікем керек:

түрлі пішінді жұмыстар, қызметтің негізгі бағытының жүзеге асуын қамсыздандыруын;

халықтың дәстүрлі мәдениетінің кең білімдерімен және қазіргі субмәдениеттің өзгешеліктерін;

кәсіби мүддені және икемді, төзімді білімнің профилді облысына басын ашу және белгілі нысанға келтіру;

жиынтық және авторлық бағдарламаларды пайдалану, сабақ конспекттерін әзірлеу;

оқу әдістемелік құралдарды құрастыру;

қосымша білім беру педагогіне білім мен педагогикалық қабілет (мақсатқа бейімділік, азықтылық, үйлесімділік, шығармашылық) және педагогикалық техниканы иелену керек;

эмоционалдық тұрақтылық және шығармашылыққа деген ынтасын көрсете білу, өзінің эмоционалдық жағдайын қадағалау және өз-өзін бақылай білу, сөйлеу техникасын, денесін бақылауға;

неформалдық жағдайда балалардың түсініп қабылдауын қамтамасыз етуге;

рәсімсіз көрермен күйінде қала отырып, кәсіптік біліктілігін көрсете білу (көмек көрсету) логикалық ойлауды үйретуге;

педагогикалық үрдісте оқушылармен қарам-қатынас жасай білуге;

өзін-өзі ұстай білуге ынталану;

оптимистік жағдайларда өзін-өзі ұстай білу, бақылай, білуге;

педагогикалық үрдістің жүруін алдын ала ойлай білуге;

психологиялық дискомфорт /жайсыздықтарды болдырмауға, оқуға деген уәждемені арттыруға;

тәрбиеленушілерге әлеуметтік өмір нормаларын, әлуметтік өмір нормаларын, әлеуметтік бағыттарды түсіндіре білуге;

қосымша білім беру педагог білу керек;

коррекциялап дамыта оқытудың, тәрбиелеудің негізін;

бірлестік тәрбиеленушілерімен топтық /ұжымдық/ жұмыс жүргізу негізін;

мектепшілік көпшілік және турнирлік іс-шараларға қатысуды ұйымдастыруды және жүргізуді

Мектептің әдістемелік жұмысына қатысушылар

Мектептің әдістемелік жұмысына қатысушылары:

- педагогтер,

- әдістемелік бірлестік проблемалы топ, зертхана, «шебер-сынып» басшылары;
- мектеп әкімшілігі /директор, директор орынбасарлары/
- жоғарғы оқу орындарының және біліктілікті көтеру /арттыру/ институттарының консультанттары.

Мектептің әдістемелік жұмысына қатысушылардың міндеттері мен құзыретшіліктері /компетенция/

Әдістемелік жұмысқа қатысушылардың құзыреттілігі:

- педагогтер /әдістемелік бірлестік, шебер топтар, зертхана, «шебер-сынып» жұмысына қатысады/
- өздерінің және әріптестерінің жұмыстары негізінде педагогикалық қызмет мәселелерін /проблемаларын/ талдайды және талқылайды;
